



### БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ



Су тасқыны кезінде халықтың қандай әрекет жасайтындығы белгісіз. Құзырлы орынның осы шаралар қамтылған нұсқаулығы тіпті оның сайтынан да табылмайды. Мұның себебін Сенат төрағасының орынбасары Жақып Асанов біліпті. Ол бұл нұсқаулықтың халыққа арналған су тасқынында жасауға тиіс әрекеттердің алгоритмі, инструкциясы емес, мемлекеттік органдар үшін жасалған құр мәліметтер екенін анықтапты. Жақып Қажыманұлы бұл жөнінде жуырда Парламент Сенатында өткен Үкіметтік сағатта мәлімдеді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

### МӘСЕЛЕ

## АҒЗА АУЫСТЫРУ: ЗӘРУЛЕР КӨП, ДОНОРЛАР ЖОҚ

Қазақстанда 4 мыңнан астам адам жүрек, бүйрек, бауыр сияқты ағзаны ауыстыруға кезекте тұр. Жыл сайын донор жетіспеушілігінен көптеген адам арғы ауылға аттанып та кетеді. Осындай жетіспеушілік отандық трансплантология саласын ілгерілетпей келгені жасырын емес. Аталған мәселе ел дәрігерлерін алаңдатып отыр.

Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық директоры Айдар Ситказиновтың айтуынша, ағзасын ауыстыру қажет ел азаматтарының саны тым көп. Әсіресе, бүйрек ауыстыруға кезек күткендер саны артқан.

«Қазір орталық дерегі бойынша күту тізімінде 4117 пациент бар. Ал олардың әрқайсысын бөлек айтсақ, бүйрекке – 3672, бауырға – 184 адам, жүрекке – 140 және өкпе

ауыстыруға – 20 адам кезегін күтуде. Бұдан бөлек, көздің мөлдір қабығын транспланттауға 1500-ден астам пациент тіркелген. Қазір бұл азаматтар мүгедектікке шыққанмен, күту тізіміне енгізілмеген. Оның себебі, бұл мәліметтер медициналық ақпараттық жүйеде тіркелмейді. Екіншіден, бізде мәліметтер үнемі жаңартылып отырады. Дегенмен кейінгі уақытта кезектілікпен күтуде тұрған пациенттердің саны жыл сайын артқандай. Өкініштісі сол, кезегіне жетпей ерте қайтыс

болатындар бар. Жалпы, ең өкініштісі жыл сайын әртүрлі себептерге байланысты 300-ге жуық реципиент күту парағынан шығарылып отырады», – дейді орталық басшысы.

Мәселенің екінші жағы бар. Ол – донор мәселесі. Бірақ бүгінде алғашқы уақыттағыдай емес, оның да саны біршама артып келеді. Мысалы, 2023 жылы 40 адам ми өлімі диагнозымен тіркеліп, туыстары олардың ағзаларын алуға келісім берген. Ал былтыр бұл көрсеткіш 80-ге жетіпті. Айдар Ситказиновтың сөзінше, донорлық мәселеге қатысты ақпараттық жұмыстар барлық жерде де белсенді жүргізіліп отырады. Бірақ салада қатты ілгерілеушілік жоқ. Өйткені, барлық мәселе – қайтыс болған марқұмның сау ағзаларын алуға өз туыстарының келісім бермеуінде болып отыр. Яғни, Қазақстан заңында көрсетілгендей, қажетті

ағзаны алу үшін туыстардың келісімі міндетті түрде қажет. Сондай-ақ қазір кез келген адам gov.kz порталы арқылы қайтыс болғаннан кейін ағзаларын беруге не бас тартуға құқығы бар екен. Бүгінге дейін 130 мың адам одан бас тартқан, ал 7 мың адам өз ағзаларын қайтыс болған соң беруге келісіпті.

«Біздің елімізде донорлықты дамытудағы мәселе көбіне заңдық аспектілер мен туыстардың келісімімен байланысты болып отыр. Жалпы, бүкіл әлемде донорлық жүйеде екі түрлі әдіс бар. Олар – «келісім презумпциясы» мен «бас тарту презумпциясы». Бізде келісім презумпциясы бар, яғни адамның өмірінде жазбаша бас тарту немесе келісім болмаған жағдайда туыстарынан сұралады. Басқа мемлекеттерде, дәлірек айтсақ, АҚШ, Оңтүстік Корея сияқты дамыған елдерде «бас тарту презумпциясы» қолданылады. Ал батыс елдерінде көбіне «келісім презумпциясы» жұмыс істейді. Біз міндетті түрде туыстардан ағзаларды алу туралы келісім сұраймыз. Егер туыстары келісім бермесе, онда донорлық процесс туралы сөз болмайды.

(Жалғасы 6-бетте)

3-бет



Сақтандыру төлемінің мерзімі қысқарады


6-бет



Жол тазалығы қауіпсіздікке кепіл

8-бет

Құмға таңбалған нөмір



**ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

## АУҚЫМДЫ РЕФОРМАЛАРДЫҢ НӘТИЖЕСІ ЖОҒАРЫ

Қазақстан Женевада БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі кеңесінің Әмбебап мерзімді шолу (ӘМШ) жұмыс тобының 48-ші сессиясы аясында адам құқықтары мен бостандығын қорғау саласындағы халықаралық міндеттемелердің орындалуы туралы IV Ұлттық баяндаманы ұсынды.



Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жетекшілік жа-саған қазақстандық делегацияның құрамында ҚР Сот әкімшілігі басшысының орынбасары Асылбек Мұсралинов болды.

Делегация құрамында Бас прокуратураның, Ішкі істер, Мәдениет және ақпарат, Сыртқы істер, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, Денсаулық сақтау, Оқу-ағарту министрліктерінің лауазымды тұлғалары да болды.

Е.Сәрсембаев 2019 жылғы қарашада III баяндаманы ұсынған кезден бері Қазақстан елді одан әрі демократияландыруға бағытталған бірқатар маңызды бастамаларды жүзеге асырғанын атап өтті. Қазақстандықтар республиканың соңғы бес жылдағы адам құқықтарын қорғау саласындағы негізгі жетістіктерін және одан әрі дамудың басым бағыттарын таныстырды. Қазақстан

әкімшілік әділетті енгізу, сот ісін жүргізуді жетілдіру және сот жүйесінде бірқатар ауқымды реформаларды жүзеге асыру арқылы қолжетімді және әділ сот төрелігін қамтамасыз еткені атап өтілді.

Парламентте әкімшілік әділет саласын кеңейтуге бағытталған заң жобалары бар. Қазіргі уақытта соттар мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдеріне, әрекеттері мен әрекетсіздігіне шағымдану бойынша талап қоюлардың 60%-ға дейін қанағаттандырды.

Сот әкімшілігінің сессия жұмысына қатысуы азаматтардың құқықтарын қорғау және сот төрелігінің тиімділігін арттыру үшін сот реформаларының маңыздылығын көрсетеді.

**ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі**

**БІР МҮДДЕ**

Азаматтық қоғам мен елдегі құқықтық институттар, зайырлы, демократиялық мемлекет азаматтары сот тармағынан әділ шешім мен абыройлы, мінсіз қызметті талап етеді. Ал бұл мүдде заң мен тәртіп салтанат құрған елде жүзеге асады.

## КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ ӘДІЛ ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНА АЙНАЛАДЫ

Соңғы жылдары елдегі сот сала-сы түбегейлі өзгерістер мен бірқатар жаңашылдықтарға бет бұрды. Соның бірі – кассациялық соттардың құрылуы. ҚР Президенті Қ.Тоқаев үнемі елдегі әкімшілік әділетті күшейтіп, қарапайым азаматтардың құқықтарын әділетті, сапалы қорғауды айтып жүр. Бұл негізде жекелеген кассациялық соттарды құрудың маңыздылығы туындаған болатын. 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап апелляциялық және қайта қараудың бірыңғай қағидалары бар үш дербес кассациялық сот өз жұмысын бастайды. Бұл Жоғарғы Сот инстанциясы, оның басты мақсаты – сот шешімдерінің заңдылығын қайта қарау.

Бұл жаңашылдық қарапайым кез келген азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, олардың құқықтарын қорғауға игі ықпалын, зор әсерін тигізеді деп күтілуде. Жаңа модель сот төрелігінің сапасын арттырып, елдің соттарға деген сенімін бекітеді. Кассациялық соттың жалпы құзыреті жоғары. Ол елдің құқықтық сауатының көтеріліп, жаңа көкжиектерге ұмтылуына оңды ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Кассациялық сотқа қатысты мынадай анықтама беруге болады, «азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік істер бойынша жеке кассациялық сот инстанциясы Астана қаласында құрылады. Сот процесінде екі тараптың мүддесі талқыға түскеннен кейін, шешімге қанағаттанбаған тараптың наразылығы болатын белгілі. Бұндай мәселеде соттың қаулысына қанағаттанбаған тараптар апелляциялық алқадан кейін кассациялық сотқа шағымдана алады.

Бұрын кассациялық шағымдар тікелей Жоғарғы Сотқа жолданса, енді бұл мәселе жаңадан құрылатын институттың міндетіне көшеді. Бұл сот жүйесі төменгі органдар шығарған сот шешімдерінің нормаларының сақталуына баса назар аударып, заңдардың дұрыс қолданылуы мен түсіндірілуін қадағалайды, соңғы шешуші инстанция ретінде кассациялық сот әрекет етеді. Яғни, төменгі сатыдағы соттың шешімі заңсыз немесе негізсіз деп танылса, кассациялық сот оның күшін жойып, істі соттың талқылауына жіберіп немесе түпкілікті шешім қабылдауы мүмкін. Өз кезегінде бұл саты шешімдердің сапасын көтеріп, заңдардың дұрыс әрі дәл қолданылуын қамтамасыз етеді. Істі кассациялық сотта қарағаннан кейін ол шешімге шағымдануға мүмкіндік болмайды. Осы себепті де кассация-



**Марат ЫРСЫМБЕТОВ,**  
Түлкібас аудандық сотының төрағасы

лық соттың шешімі түпкілікті және міндетті».

Толық тәуелсіз жұмысына кірісетін кассациялық сотқа істер үш судьядан құрылған алқаға жолданып, алты ай ішінде қаралады. Сот талқылауы тараптардың қатысуымен ауызша өтеді. Бұл сатыда сот процесінің ашықтығын қамтамасыз ете отырып, қарапайым елдің сенімін арттырып, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

Президент Қ.Тоқаев: «Қазір оған қажетті дайындық жұмыстарын жүргізу маңызды. Кассациялық соттардың кадрлық құрамы тәжірибелі судьялардан жасақталуы керек. Кассациялық соттардың дербестігі азаматтарымыздың сот төрелігіне қол жеткізуіне мол мүмкіндік беріп, инвестиция тартуға, бизнес жүргізуге оңтайлы жағдай жасайды. Ең бастысы, бұл әділдік қағидаларын және құқық үстемдігін толық жүзеге асыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, бұл қадам Жоғарғы Соттың жүктемесін азайтады» деді.

Үлкен міндет жүктеліп отырған кассациялық соттар енді сот актілері мен материалдарын қарайды; сот тәжірибесін зерделеп, төменгі сатыдағы соттардың сот төрелігін жүзеге асыруда заңдылықты сақтау жағдайларын қарастырады. Ел өмірінде, әділетті төрелік мәселесінде ерекше маңызға ие бұл институттан қоғам үлкен үміт күтіп отыр. Замана талабынан туған жоғары инстанция азаматтардың құқықтарын қорғайтын әділетті төрелік алаңы болатынына сенім зор.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

**ЖИЫН**

## «ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК МӘСЕЛЕСІ ӨЗЕКТІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ»

Мәдениет және ақпарат министрі, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева «Талдау мектебі» жобасының IV легінің қатысушыларымен кездесу өткізді.



Аида Балаева министрлік пен Ұлттық комиссияның гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге бағытталған бастамалары мен жобалары туралы кеңінен айтып берді.

Министр оң өзгерістерге қарамастан, гендерлік теңдік мәселелері өзекті болып қала беретінін, оларды кешенді түрде қарастыру қажет екенін атап өтті.

Іс-шара сұрақ-жауап форматында өтті. Қатысушылар министрден Мемлекет басшысы алға қойған мақсаттарды орындау үшін әйелдердің басшылық лауазымдардағы үлесін арттыру, еңбекақыдағы ген-

дерлік алшақтықты жою мәселесі бойынша бірқатар сұрақтар қойды. Сонымен қатар, көпшілік министрдің жеке тәжірибесі мен кәсіби қалыптасу жолы туралы да сұрады.

«Ең бастысы – өз ісінді сую. Еңбекқорлық пен жауапкершілік міндетті түрде өз нәтижесін береді», – деп жауап берді Аида Балаева. Сондай-ақ министр басшылық лауазымдарға тағайындау кезінде негізгі фактор кандидаттардың кәсіби біліктілігі болуы керек екенін атап өтті. Әйелдердің мансаптық өсуіне тең мүмкіндіктері болуы керек, ешқандай кедергілер мен стереотиптерге

жол берілмеуі тиіс екенін және осындай жағдай жасау – басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Кездесу соңында министр қатысушылардың белсенділігі мен конс-

труктивті сұрақтары үшін алғыс айтып, көтерілген мәселелердің ескерілетінін және алдағы жұмыста қолданылатынын айтты.

«Талдау мектебі» – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қолдауымен іске асырылатын қоғамдық жоба. Мектеп мемлекеттік басқару, ғылыми-сараптамалық қоғамдастық, азаматтық сектор мен БАҚ қызметіндегі талдамалық тәсілдердің сапасын арттыру ісіне үлес қосуға бағытталған.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің баспасөз қызметі**

**САРАП**

## САРАПШЫ-ҚҰҚЫҚТАНУШЫЛАР ҰСТАНЫМЫ: ТИІМДІЛІК ПЕН АШЫҚТЫҚ

«ZanSag» сараптамалық-құқықтық зерттеулер институты «Сот төрелігі қызметіндегі ғылым» жобасының басталғанын жариялады. Ол құқық қолдану теориясы мен практикасының аса маңызды және өзекті мәселелері бойынша ғылыми-практикалық құқықтық сараптамалық пікірлер, түсініктемелер, қорытындылар мен зерттеулер дайындауға бағытталған. Ондағы басты мақсат – Қазақстанда ғылыми негізделген және бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға жәрдемдесу. Жобаны іске асыру ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Халықаралық кеңестің ұсыныстарына сәйкес жүргізіледі.

«Сот төрелігі қоғамдағы әділеттілік пен тәртіпті сақтауда шешуші рөл атқарады. Ел дамуының қазіргі кезеңінде құқықтанушы сарапшылар бір жағынан құқықтық доктринаны дамыту мен нығайту бойынша қажырлы жұ-

мысты жалғастыруды өздерінің негізгі міндеттері деп санайды. Екінші жағынан, Қазақстан Республикасының құқық үстемдігі идеясын ұстанатын құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы мақсатында құқық қолдану практикасын және сот жүйесінің жұмысын қалыптастыруға көмектесу. Біз институтымыздың сараптамалық қорытындылары судьяларға құқықтың күрделі мәселелері бойынша ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға көмектесетініне, сондай-ақ судьялардың жұмысын жеңілдетуге және осындай мәселелерді талдауға уақыттары үнемдеуге ықпал ететініне сенеміз. Сараптамалық қорытындылар сот төрелігінің сапасына қоғамдық бақылаудың бір түрі ретінде қызмет етеді, осылайша азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтады», – дейді «ZanSag» сараптамалық-құқықтық зерттеулер институтының құрылтайшысы Айгүл Кенжебаева.

Институттың алғашқы сараптамалық қорытындысын Каспий университетінің қауымдас-тырылған профессоры, ҚР Заңнама және

құқықтық ақпарат институтының бас ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты Е. Нестерова дайындаған. Ол мемлекеттік органдардың заңсыз әрекеттері нәтижесінде зардап шеккен мемлекеттік сатып алу қатысушысымен, жоғалған пайданы өтеу мәселелері бойынша сот актілеріне жүргізілген талдау негізінде дайындалды. Сараптамалық қорытындыда Қазақстан Республикасында қалыптасқан, тендерге адал қатысушы тендерден негізсіз шеттеліп, ол сот арқылы мұндай шешімнің заңсыздығын дәлелдеген кезде, тендер өтіп үлгеретінін және оның құқықтарын тендерде қалпына келтіру мүмкін емес сот практикасына толық ғылыми талдау келтіріледі. Мұндай жағдайда мемлекет жоғалған пайданы төлеу арқылы оның құқықтарын қалпына келтіруге міндетті. Алайда сот практикасы басқа жолмен жүрді: соттар жоғалған пайданы тек талапкерлер күткен пайданы алу ықтималды (болжамды) болып табылса ғана өндіріп алудан бас тартады, яғни, жоғалған пайда дәлелденбеген болып қате бағаланады.

Азаматтық-құқықтық мүліктік жауапкершіліктің негізгі функциясы, кредитордың бұзылған құқықтары мен мүдделерін толық қалпына келтіруді қамтамасыз етуге арналған, яғни ол – өтемақылық функция. Мұндай сот практикасы, әсіресе жеке кәсіпкерлер мен экономиканың мемлекеттік (квазимемлекеттік) секторының субъектілері арасында қалыптасқан, экономикалық қатынастар саласында кең таралған. Айқын диспропорция бар: мемлекет құқықтық қорғау құралдарына, өзінің мүліктік мүддесін тиімді және жедел қалпына келтіруге және өзі жіберген бұзушылықтар жағдайында жеке контрагентті жазалауға мүмкіндік беретін кең арсеналына ие. Ал жеке кәсіпкер жағдайында, оның шығындары мемлекеттік органдардың заңсыз мінез-құлқының салдарынан болғандығы дәлелденсе де сот арқылы қорғау және оның мүліктік құқықтарын қалпына келтіру өте қиын немесе мүлдем мүмкін емес.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

КОНФЕРЕНЦИЯ

# ҚАМДАНҒАН ҚАПЫ ҚАЛМАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Отырыста 2025 жылдағы көктемгі су тасқынына дайындық мәселесі талқыланған болатын. Асанов мырзаның айтуынша, былтырғы су тасқыны жаңбырдың тым көп жауып, құзырлы орындардың мұндай апатқа тиісті деңгейде дайындығының болмауы, сыртқы факторларға тәуелді екендігіміз, яғни басқа елден келетін үлкен сулар алдында қауқарсыздығымызды көрсетті. Апат айтып келмейді. Десе де, алдын алу шаралары толыққанды қамтылып, азаматтардың төтенше жағдайдан қорғалуы барынша қамтамасыз етілу керек. Жиында сөз алған құзырлы орын басшыларының сөзіне қарағанда атқарылып жатқан жұмыс аз емес секілді.

Былырғы су тасқыны салған лаң естен кетпес. Бұл тұтас еліміз үшін ауыр сынақ болды. Қазақстан үшін соңғы 80 жылда болмаған ауқымды су тасқынында 12 өңірде 12 мыңға жуық жеке тұрғын үй мен

жүктелген. Оларды іске асыру су басу қаупі бар аймақтарда 1 223 елді мекендерді су тасқыны қаупінен қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда елімізде су басу қаупі бар аймақтарда 1 223 елді мекен бар. Жалпы өңірлерде 1 400 су тасқынына қарсы іс-шара іске асырылды.

Су тасқынын болжау үшін цифрлық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінеді. Стратегиялық жоспарлау және жедел басқару командалық орталығының базасында «TASQYN» су тасқынын болжау және моделдеу жүйесі құрылды, ол қысқа және ұзақ мерзімді перспективада өзен деңгейлері мен су көлемін дәл болжауға мүмкіндік береді. Алдағы су тасқыны кезеңіне жедел дайындық мақсатында азаматтық қорғау қызметтерінен жеке құрамның жалпы саны 37 мыңнан астам адам, 13 мыңнан астам техника, 4 096 су айдау және 640 жүзу құра-

ланысты министрлік облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп, 2025–2027 жылдарда іске асыру кезеңіне елді мекендерге жақын орналасқан су тасқыны қаупі бар өзен учаскелерін тазарту бойынша ұйымдастыру іс-шараларының жоспарын (жол картасын) әзірлеп, бекітті. Жол картасына сәйкес, 10 облыста ұзындығы 814,06 км құрайтын 51 өзен учаскесі анықталып, онда өзен арналарын тазарту жұмыстары бірінші кезекте жүргізілуі қажет. Бүгінгі күні Батыс Қазақстан облысындағы Шаған, Атырау облысындағы Жайық және Қиғаш, Ақмола облысындағы Есіл және Нұра өзендерінің арналарын тазарту жұмыстары жүргізілуде.

Су қоймаларына судың келуін болжау және өзендердің көктемгі ағынын автоматтандыру, сондай-ақ цифрлық болжау гидрографы арқылы су басу аймақтарын моделдеу мақсатында Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі; Су ресурстары және ирригация; Экология және табиғи ресурстар; Төтенше жағдайлар министрліктерімен бірлесіп әзірлеген «Tasqyn» ақпараттық жүйесі төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жаһандық GLOFAS жүйесімен біріктірілген. Онда елдің, соның ішінде су тасқыны қаупі бар 17 мың өзеннің деректер базасы бар. Жүйеде метеостанциялар, гидробекеттер, ауыл шаруашылығы жерлері, мал қорымдары, теміржол және автомобиль жолдары, электр желілері туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жалпы, «Tasqyn» жүйесі су шығыны мен өзен деңгейінің ұзақ мерзімді (30 күн) және қысқа мерзімді (15 күн) болжамын (көлемі, келуі, ағызылуы) жасауға мүмкіндігі бар, сондай-ақ ықтимал су басу аймақтарын 7 күнге дейін 85% дәлдікпен моделдей алады.

Министрлік су қоймаларының деңгейін күнделікті бақылап, судың келуі, тасталуы және өзекті көлемін қадағалап отыр. Мысалы, бүгінгі күні Бұқтырма су қоймасының нақты көлемі 38,4 млрд м<sup>3</sup> құрайды, ал жобалық көлемі – 49,6 млрд м<sup>3</sup>, бос сыйымдылығы – 11,2 млрд м<sup>3</sup>. Бұл көрсеткіштер тұрақты су пайдалануды қамтамасыз ету және өзен ағынын реттеу мақсатында үнемі бақылауда ұсталды.

Депутаттар Үкімет сағатының қорытындысы бойынша 2025 жылғы су тасқыны кезеңіне жан-жақты дайындықты жалғастыруды, гидротехникалық құрылыстарды қаржыландыруды арттыруды және төтенше жағдайлардың алдын алуға заманауи әдістерді енгізуді ұсынды.

**А. ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**  
«Заң газеті»

Қазақстандық сақтандырушылар бизнес-процестерге жасанды интеллект (ЖИ) әдістерін енгізуді жалғастыруда. Еліміздегі цифрландырудың жоғары деңгейі сақтандыру компаниялары үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Интернеттегі бірнеше көзден тұтынушы деректеріне қол жеткізу арқылы сақтандырушылар андеррайтинг сияқты белгіленген процестерді өзгерту мүмкіндігіне ие болады. Егер классикалық сақтандыруда андеррайтерлер клиентті сақтандыру туралы шешімді деректерді қолмен тексеру арқылы қабылдаса, бұл маманнан көп ресурстарды талап етсе, енді ЖИ арқасында бұл бірнеше минутты алады. Бұл Digital Almaty 2025 конференциясының «AI компаниялар мен адамдарды қалай өзгертеді» деп аталатын панельдік сессиясында да сөз болды.

## САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІНІҢ МЕРЗІМІ ҚЫСҚАРАДЫ



«Freedom Insurance» сақтандыру компаниясы АҚ басқару төрағасы Азамат Керімбаевтың айтуынша, олар ЖИ мүмкіндіктерін фотосуреттер арқылы көлік зақымдануын саралауға арналған бағдарламада пайдаланады. Зақымдану сипатына қарай ол шығын көлемін, яғни, клиенттің сақтандыру төлемінің сомасын анықтай алады. Бағдарлама зақымданудың бар-жоғын, сондай-ақ оның көлемін анықтау үшін арнайы оқытылған. Былыр бұл әзірлеу ChatGPT ашық үлгісімен біріктірілді. Ол сақтандыру компаниясының бизнес-процестерінде жасанды интеллектті қалай пайдалануға болатынын түсіну үшін жасалды. Бағдарлама болған зиян мен оның сипатын танып, осы деректерді талдайды және талдау негізінде сақтандыру төлемінің сомасын есептейді. Қажет болған жағдайда компанияның маманы есептеу процесіне қосылады.

«Қазір бұл сақтандыру полисін бергенге дейін сақтандыру алдындағы тексеру сатысында көлік құралының зақымдануын анықтайтын қызметті енгіздік. Болашақта бұл механизмді төлемді алу үшін сақтандыру талаптарын тіркеу процесіне енгізу жоспарланады. Біздің мақсатымыз – клиенттер төлемдерді бірден дерлік алу үшін залал мөлшерін автоматты түрде анықтау. Яғни, қазір біздің компаниядан сақтандыру төлемін алу мерзімі орташа есеппен 3-5 күн болса, енді оны бір күнге дейін қысқартқымыз келеді», – дейді А.Керімбаев. Оның сөзіне

қарағанда, 2024 жылы сақтандыру компаниясы ЖИ қолданатын заңды тұлғалардың қаржылық тұрақтылығын бағалаудың өзіндік жүйесін әзірледі. Бұл сақтандыру компаниялары Мемлекеттік кірістер комитеті, Мемлекеттік сатып алулар сияқты деректер базаларымен, сондай-ақ ашық деректер агрегаторларымен интеграциялаудың арқасында мүмкін болды.

2023 жылдан бастап компания әрбір нақты автокөлік иесіне сәйкес сақтандыру тарифін таңдап, жеке тұлғалардың скорингі үшін ЖИ-ді белсенді түрде қолданады. Әзірленген скоринг алгоритмдері 200-ден астам әртүрлі параметрлерді талдайды, соның ішінде: несие тарихы; төлем қабілеттілігі; қаржылық операциялардың тарихы; сақтандыру тарихы; Сергек деректері (көлік иесінің жолда өзін-өзі ұстауы) бар.

«Есеп бойынша, компания 2024 жылы әрбір төлемнен 150 АҚШ долларын үнемдеп, өткен жылмен салыстырғанда олардың әрқайсысына 23 мың теңгеге аз шығын жасай бастады. Және цифрландыру құралдарын пайдалануға тек клиенттерді ғана емес, сонымен қатар компания қызметкерлерін де үйрету қажет екенін атап өткен жөн. 2024 жылы біз төлемдер санын бірнеше есеге ұлғайттық, бірақ жұмыстардың тиімділігі артқандықтан, қызметкерлер штаты өзгерген жоқ», – деді ол.

**Е.КЕБЕКБАЙ,**  
«Заң газеті»

62 көпқабатты ғимаратты су астында қалдырды. Мұның салдарын жою оңайлыққа түспеді. Қаншама құтқарушылар, әскерилер, полиция, Ұлттық гвардия жұмылдырылып, авиация мен инженерлік техника пайдаланылды. Нәтижесінде 35 миллион текше метрден астам су сорылып, өзен арналарының түбін тереңдету және жағалауды бекіту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілді.

Жиында сөз алған Төтенше жағдайлар министрі, генерал-майор Шыңғыс Әрінов су тасқынын талдау негізінде 2025 жылғы көктемгі кезеңге белсенді дайындық жүргізіліп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, былтырғы су тасқынын талдау мен олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды іске асырудан кейін жағдайды қорытындылар жасалды. Бұл су тасқынының алдын алу бойынша неғұрлым жүйелі шаралар қабылдауға мүмкіндік берді. Төтенше жағдайлар министрі ықтимал су тасқынына инфрақұрылымды дайындау үшін жергілікті атқарушы және мүдделі мемлекеттік органдармен тығыз жұмыс істейді. Төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі негізгі іс-шаралар орталық және жергілікті атқарушы органдарға

лы бар күштер топтамасы құрылды. Министрліктің аумақтық бөлімшелерінен қосымша резервтік топтары дайындалды. Министр сонымен қатар, құтқару қызметтері кез келген төтенше жағдайларға ден қоюға дайын екенін және жақын арада «Көктем» республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шеңберінде әзірлікті тексеру жұмыстары жүргізілетінін атап өтті.

Ал, Су ресурстары және ирригация вице-министрі Болат Бекнияздың айтуынша, соңғы жылдардағы көктемгі су тасқынына жасалған талдау су тасқыны жағдайлары тек табиғи факторларға ғана емес, сонымен қатар антропогендік процестерге де байланысты екенін көрсетеді. Негізгі себептер – жайылма аумақтардың жаппай құрылысы, өзен арналарының лайлануы және қарды ұстап қалу бойынша іс-шаралардың жеткіліксіздігі. Мысалы, Қарағанды облысында Нұра және Шерубай-Нұра өзендерінің арналарын тазарту жұмыстары жалпы ұзындығы 68 км аумақта жүргізілді. Нәтижесінде, 2024 жылы су өткізу көлемі 1200 м<sup>3</sup>/с дейінгі жағалаудың қауіпсіздігі қамтамасыз етіліп, елді мекендерді су басудың алдын алуға мүмкіндік берді. Осыған бай-

ОЙТҮРТКІ

## ШАЛА ОҚЫҒАН ШӘКІРТТЕН МЫҚТЫ МАМАН ШЫҚПАЙДЫ

Бүгінде студенттердің арасында оқумен қатар жұмыс істеу үйреншікті жағдайға айналды. Бірі ақша табу үшін, бірі тәжірибе жинау мақсатында еңбек етеді. Бірақ осындай қосымша жұқ олардың білім алуына кері әсер етпей ме? Бұл туралы студенттер сөйлесін.

**Алматы қаласындағы Қазақ-Америка университетінің 4 курс студенті Нұрдауір Ауталиев:**

– Студенттерді көріп жүрмін, сабаққа дайындықсыз келеді, сабақ үстінде шаршап отырады. Ал менің жұмысыма келсек, ол еркін графикте, сондықтан сабағым да, дамуыма да кедергі келтірмейді. Жалпы, 1 курс студенттеріне алғашқы жылдары оқуға көбірек көңіл бөлген дұрыс. Өйткені жұмыс жасап үлгереміз, ал білім мен оқу уақытын кері қайтара алмаймыз.

Бұл пікірдің астарында үлкен шындық жатыр. Расында, кей студенттер оқуды екінші орынға ысырып, жұмысқа тым көп көңіл бөледі. Соның кесірінен сабаққа деген ынтасы төмендеп, үлгерімі нашарлайды. Бұл мәселе туралы Халықаралық білім беру корпорация-

сының қауымдастырылған профессоры Еңлік Ормаханова былай дейді: «Кез келген студент үшін жұмыс істеу – үлкен мүмкіндік. Теориялық білімді практика жүзінде көру, болашақ мамандығын жетік меңгеру, өндіріс есігін ерте ашу үшін өте маңызды. Бірақ жұмыс пен оқу арасында таңдау жасау керек болса, ең алдымен білімге басымдық беру қажет.

Бұл жерде ата-ананың рөлі зор. Олар баласын тек қаржылай емес, менталдық тұрғыдан да қолдап, жұмысы оқуына кедергі келтірмеуін қамтамасыз ету керек. Өйткені менің тәжірибемде қаншама студент даяшы немесе өз мамандығына мүлдем қатысы жоқ жұмыстарды атқарып, соңы оқудан шығуға алып келетінін көрдім.

Студент жұмыс істесе де, ең бастысы – уақытын дұрыс реттеп, ұстаздарымен тығыз

қарым-қатынас орнатып, оқуды бірінші орынға қоюы керек. Егер осы тепе-теңдікті сақтай алса, жұмыс оқуына кедергі емес, керісінше, үлкен тәжірибе мен мүмкіндікке айналады».

Көптеген елдерде студенттердің жұмыс істеуі қалыпты жағдай. Әр елде ол әртүрлі көрініс табады. Мысалы, АҚШ студенттерінің 70%-ы жұмыс істейді. Көбінде кампус ішіндегі жұмыстар кең таралған. Олар сабақ кестесіне бейімделіп жасалады. Ал, Германияда жартысынан көбі, жарты күндік немесе аптасына бірнеше сағаттық жұмыстарға орналасады. Оңтүстік Кореяда оқу кестесі өте тығыз болғандықтан, студенттер тек жазғы демалыста ғана жұмыс істей алады.

Бұл елдердегі жүйе студенттің оқуына зиян келтірмей, еңбек етіп тәжірибе жинауына мүмкіндік береді. Ал біздің елде жұмыс пен оқуды үйлестіру жағынан әлі де қиындықтар бар. Жұмыс істеудің пайдасы мен зиянына тоқталып көрейік. Ең алдымен тиімді тұсына тоқталсақ, студент ата-анасына тәуелді болмай, өз шығындарын өзі өтей алады. Білімі мен қабілетіне қатысты тәжірибе жинап, еңбек нарығында сұранысқа ие болуға мүмкіндік алады және уақытты тиімді пайдалануға үйренеді.

Зиянды тұстары қандай? Тұрақты жұмыс студенттің денсаулығына да, оқуға деген құлшынысына да кері әсерін тигізеді, сабаққа

дайындықсыз келіп, өз танымын толық аша алмайды.

Әрбір студент өз мүмкіндігін ескеруі керек. Егер жұмыс пен оқуды қатар алуға дайын болса, алдымен уақыт пен күшін дұрыс жоспарлаған абзал. Ал алғашқы курстарда оқуға көбірек көңіл бөлген дұрыс. Бұл туралы Нұрдауір Ауталиев секілді студенттердің кеңесін ескерген жөн. Сонымен қатар, университеттер студенттердің сабақ пен жұмысты қатар алып жүруіне жағдай жасауы керек. Мысалы, икемді кесте ұсыну, кампус ішінен жұмыс орындарын ұйымдастыру, студенттердің алғашқы курстарында жұмысқа тым көп көңіл бөлмеуіне бағыт-бағдар беру маңызды.

Оқумен қатар жұмыс істеу – уақытты дұрыс ұйымдастыра білген студент үшін үлкен мүмкіндік. Бірақ білім мен тәжірибені тең ұстау әркімнің қолынан келе бермейді. Бір нәрсені есте сақтау керек, жұмыс әрдайым табылады, ал білім алу уақыты – қайта оралмайтын мүмкіндік.

Сондықтан әрбір студент: «Маған қазір не маңыздырақ? Білім бе, әлде жұмыс па?» деп, алдымен өзіне сұрақ қойғаны жөн.

**Аружан САМБАЕВА,**  
Қазақ-Америка университетінің  
4 курс студенті

**МИНБЕР**

## СУДЬЯ КӨМЕКШІСІ САПАНЫ АРТТЫРАДЫ

Сотқа түсетін талап-арыздар мен материалдар саны жылдан-жылаға көбейеді. Зайырлы, құқықтық мемлекеттерде азаматтардың өзара келіспеушіліктер мен дау-дамайларды заңға сүйене отырып шешуі қалыптасқан үрдіс. Дегенмен, үлкен жүктемемен жұмыс істеу судьяларға жеңіл соқпайды. Бұл судьялардың жұмысын күрделендіріп қоймай, сот жұмысының жеделдігіне, сапасына да теріс әсер ететіні белгілі. Сондықтан соңғы жылдары сот саласында түрлі реформалар қолға алынып, сот жүктемесін жеңілдетуге, сот істерін қарауда балама қолдануға қадам жасалуда. Судья көмекшісі институтын қолданысқа енгізу де осындай қажеттіліктен туындаған еді.

Судья көмекшісі институты бүгін ғана көпшілік назарына ұсынған жаңа бастаманың бірі емес. Бұған дейін де бұл институттың тиімді жақтары судьялар ортасында қызу талқыланып, тіпті алғашқы көмекшілер пилоттық жоба ретінде кейбір соттардың тәжірибесіне енгізілгені де есімізде. Кезінде қолдау таппай, үзіліп қалған бұл бастаманы жаңғырту керектігі былтырғы судьялардың XIX съезінде айтылды. Одан бері де алдыңғы буын ағаларымыз бен еліміздің әр түрлі деңгейдегі әріптестеріміз судья көмекшісі институтының маңызы мен артықшылығы туралы толымды ойларымен бөлісуде.

Расында да бүгінгідей сот жүктемесі күннен-күнге өсіп отырған шақта судья көмекшілерінің қызметіне жүгіну өте ұтымды. Бұл ин-

ститутты енгізудің негізгі мақсаты айқын, тиімді тұстары көп. Көмекшілердің ең бірінші пайдалы жағы – судьялардың жұмысын жеңілдетеді. Соттың сырт көзге көріне бермейтін заңнамаларды қарау, сот істерін салыстыру, республикадағы сот тәжірибесін сараптау сияқты жұмыстарын көмекшілері атқарады. Мұндай көмек судьялардың күрделі істерге көбірек көңіл бөліп, тәжірибесін жетілдіруіне, кәсіби біліктілігін көтеруіне ықпал етеді.

Сонымен бірге, сот жұмысына араласып, күнделікті заңдарды ақтарған, ортақ тәжірибеге ден қойған көмекшілердің уақыт өткен сайын шеберлігі артады. Соттың қазанында қайнап, білікті судьялардың мектебінен өткен көмекшілер сот корпусындағы бос ваканцияларды сапалы кадрлармен толықтырудың

кепілі десек қателеспейміз. Сот корпусын кездейсоқ жандардан таза ұстау туралы үнемі айтылады. Осы тұрғыдан алғанда судья көмекшілері – соттың өз адамы.

Судья көмекшісі институтын енгізгеннен кейін сот отырысы хатшысы мен судья көмекшісінің функцияларын ажыратып, айқындап алған маңызды. Екі лауазым бір-бірі қайталамауы, бір-бірінің жұмысына араласпауы керек. Мәселен, сот хатшылары сот отырыстарын ұйымдастыру жағын қолына алса, судья көмекшілері сот таразысына салынатын іске байланысты қолда бар материалдарды дұрыс талдай білуі, нормативтік құқықтық құжаттарды іріктей алуы мен талдауды кәсіби түрде жүзеге асыра білуі тиіс.

Сот отырысының хатшысынан айырмашылығы, судьяның көмекшісі процесске қатысушы болмай, судьяның өзінің кәсіби функцияларын орындауына жәрдемдесуі тиіс. Яғни, судьяның көмекшісі істі қарауға дайындау бойынша негізгі жұмысты орындауы керек. Істі сот талқылауына мүмкіндігінше тиімді және жылдам етіп дайындау, сонымен бірге материалдық және іс жүргізу заңдарының барлық талаптарын сақтау көмекшілер үшін негізгі міндет.

**Майкүл МАМУТОВА,**  
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы**  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

**ПӘРМЕН**

## МӘЖБҮРЛЕП ОРЫНДАТУ ШАРАЛАРЫ

Берешегі бар азаматтардың бәрі бірдей жауаптылық танытып, сот актілерін уақытында орындай бермейді. Мұндай жағдайда жеке сот орындаушылар мәжбүрлеп орындату шараларын қолданатынын ескергеніміз жөн. Сот актілеріндегі талапты бірден орындап, берешегін дер кезінде қайтару – әр азаматқа тиімді. Себебі, бүгін төленбеген берешекке ертең басқасы қосылады. Ал көп қарызды қайтару тіпті қиын. Сонымен бірге, сот актісін бірден орындағандар жеке сот орындаушылар қызметіне қаржы шығындап әуре болмайды. Сәйкесінше, мәжбүрлеп орындату шаралары да мұндай жауапты жандарға қолданылмайды.

Мәжбүрлеп орындату шаралары «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылар мәртебесі» туралы заңның 5-тарауында көрсетілген. Осы заңда айқындалғандай, жеке сот орындаушылар сот актілерін тиянақты орындату үшін шаралар қабылдауға міндетті. Ал бұл талапты елемегендерге мәжбүрлеп орындату шаралары қолданылады. Ең алдымен жеке сот орындаушылар борышкердің өзіндегі не өзге де жеке немесе заңды тұлғалардағы ақшасы мен бағалы қағаздарына, мүлкіне тыйым салады. Сонымен бірге, борышкердің банктердегі, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардағы, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарындағы ақшасы мен мүлкіне тыйым салынады. Азаматтар көбіне банк карточкалары бұғатталып, ақша ала алмай қалғанда ғана берешегі есіне түсіп, жеке сот орындаушыларына хабарласып жатады.

Сондай-ақ борышкерге белгілі бір іс-әрекеттер жасауға тыйым салу, оның ішінде заңды тұлға органдарына шешімдер қабылдауға тыйым салу, сол сияқты заңды тұлғаның жылжымалы және жылжымайтын мүлкі, мүлкі тік және мүлкітік емес құқықтарын, бағалы қағаздарын және



**Еркін ШАҒДАТ,**  
**Қарасай ауданының жеке сот орындаушысы**

жарғылық капитал мен мүліктегі үлестерін иеліктен шығару жөнінде қабылданған шешімдердің қолданылуын тоқтата тұру да пәрменді шаралардың бірі. Құқық белгілейтін құжаттарды алып қою, басқа адамдардың борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруіне немесе оған қатысты өзге де іс-әрекеттерді орындауына тыйым салу да мәжбүрлеп орындату шараларының бірі.

Тағы бір ескерерлігі жеке сот орындаушысы қажет болған жағдайда борышкерге берешекті қайтару үшін мәжбүрлеп орындатудың бірнеше түрін қолдануы мүмкін. Сонымен қатар, атқарушылық құжаттың мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы талаптары үш айдан асып кетсе, қарыз мөлшері 40 АЕК-тен жоғары болса жеке сот орындаушылар борышкердің Қазақстаннан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті.

Мұндай шектеу тек борышкерге Қазақстаннан тыс жерлерде ем алу қажет болған жағдайларда ғана тоқтатылады. Осындай әреге түспес үшін сот актілерін айтқызбай орындандыңдар!  
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

**ПАЙЫМ**

## ӘКІМШІЛІК ІСТЕРДЕ ТАТУЛАСҚАН ТИІМДІ

Елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», «Еститін Үкімет» қағидасын басшылыққа ала отырып ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда.



Сот саласындағы жаңа бастаманың бірі саналатын әкімшілік әділет институты да билік пен халық арасын жалғау мақсатында, азаматтардың талап-тілегін тәжірибеде оң шешу негізінде қолға алынған еді. Бүгінде әкімшілік әділет қарапайым халық пен мемлекеттік органдар арасындағы теңсіздікті жойып, жария-құқықтық дауларды оңтайлы шешудің ерекше тетігі ретінде мойындалып отыр.

Жаңа әкімшілік соттар жеке және заңды тұлғалар мен әкімшілік органдар арасында туындайтын дауларда әлсіз жақтың мүддесін қорғауды көздейді. Жария-құқықтық шешудің заңдық тәртібі реттелген Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте қарапайым халық пен заңды тұлғалардың сотқа жүгіну тетіктері мейлінше жеңілдетілген. Мәселен, судьяның белсенді рөл атқаруының көмегі көп. Осы функциясын пайдалана отырып судьялар жеке және заңды тұлғаларға бағыт-бағдар беріп, талап-арызын толықтыруына жол ашады. Соттың өз бастамасына сүйене отырып дәлелдемелер жинап, даудың мән-жайларын зерттеуіне Әкімшілік рәсімдік-про-

цестік кодекс толық мүмкіндік берген. Мұның тағы бір артықшылығы судьялардың талаптардағы ресми қателіктерді жоюға көмектесіп, тиісті органдардан қажетті құжаттарды алдыруына ешқандай кедергі жоқ. Бұған қоса әкімшілік соттар дәлелдеме жинау кезінде белсенділік танытып, істің мән-жайларын неғұрлым толық анықтай алады, тиісті жауапкерді өз еркімен сотқа тарта алады, соның нәтижесінде заңды және негізді шешім шығаруға мүмкіндік туады.

Заңда дәйектелгендей сот барысындағы барлық күмәндар, қайшылықтар мен көмескіліктер әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына шешілетіні де әкімшілік әділеттің жағымды тұстарының бірі. Ал анықтық презумпциясы бойынша әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған құжаттар әкімшілік орган, лауазымды адам теріс деп белгілемейінше, анық деп есептеледі.

Тағы бір ерекшелік, басқа сот істерімен салыстырғанда әкімшілік істерді қарағанда судьялар қаралып жатқан іс бойынша тараптардың құқықтық негізде-леріне сүйене отырып өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға толық құқылы. Яғни, істің немен түйінделуі мүмкін екенін білген тараптардың өзара татуласып, дауды жедел, оңтайлы бітіруіне де жол ашық. Бұл тараптар үшін өте тиімді.

Бұрын қарапайым азаматтарға мемлекеттік орган қызметкерлері әрекетінің заңсыздығын дәлелдеу қиынға түсетін. Әкімшілік рәсімдік-процеске сай бүгінде талап қоюшылар өз талабының дұрыстығын дәлелдеуге тиіс емес. Керісінше әкімшілік орган өз шешімінің, әрекетінің не әрекетсіздігінің заңдылығы мен негізділігін сот барысында дәлелдеуге міндетті. Осының өзі азаматтардың соттарға деген сенімін нығайтып, құқығы мен бостандығының әділ қорғалатынына көзін жеткізіп отыр.

**Гүлім МҰҚАНОВА,**  
**Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы**

**ШАРА**

## САЙЫС ҰЖЫМНЫҢ БІРЛІГІН НЫҒАЙТАДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұқаралық спорттың дамуына әрдайым жіті назар аударып, спортсыз бүкіл ұлт саулығын нығайтудың мүмкін еместігін үнемі айтып келеді. Бұқаралық спортты дамыту кәсіби спорттың деңгейін көтеруге, ең бастысы, халықтың денсаулығын нығайтуға ықпал етеді. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да да дене шынықтыру өмір салтына айналған.

Жақында университетте педагог және өзге қызметкерлер арасында дәстүрлі қысқы «Денсаулық» спартакиадасы өтті. Биыл оқытушылар мен қызметкерлер бұл шараға 51-рет жиналып отыр. Додаға даярлықты ҚазҰУ спорт клубының көмегімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы ұдайы қамтамасыз етті. «Денсаулық» спартакиадасының бас судьясы – Мақпал Оспанбаева болды.

Заң факультеті әрдайым спорттағы жетістіктерімен ерекшеленеді. Биыл факультет командасы мини-футбол, ерлер волейболы мен тоғыз-қумалақтан үздік болды. Үстел теннисі бойынша жарыста 3-орын алды. Жеңіс 1955 жылы құрылған ҚазҰУ-дың заң факультетінің 70 жылдығына арналды. Спорт алаңында заңгерлерге тең келер ешкім болмады.

Жарыстарға ҚазҰУ басшылығы өкілдерінің белсенді қатысқанын атап өту қажет. Әлеуметтік даму жөніндегі проректор С.Сутаев волейбол додасына қатысты. Химия және химиялық технология факультетінің деканы А.Галеева үстел теннисі мен шахмат бойынша командасын жүлделі орынға жетеледі. Журналистика факультетінің деканы Қ.Әуесбай футбол кезінде қақпада тұрды. Оқу, әдістемелік және тәрбие жұмысы бойынша заң факультеті деканының орынбасары С.Асанова үстел теннисінде командасын бастады.

Жарысқа 674 адамнан тұратын 19 құрама команда қатысты. Жалпы командалық есепте (6 спорт түрінің нәтижесі бойынша) заң факультеті (декан - У. Ахатов, кәсіподақ жетекшісі - Л.Нүсіпова) спартакиада жеңімпазы атанды. Әскери кафедраның ұжымы екінші орынды иеленсе, үшінші орынға физика-техникалық факультеті табан тіреді.

Спартакиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері ҚазҰУ қызметкерлері «Парасат» кәсіподағының ескерткіш кубоктарымен және дипломдарымен марапатталды. Кәсіподақ төрағасы Т.Мекебаев спорт пен қызметкерлер денсаулығының бір-бірімен тығыз байланысты екендігін атап өтіп, сайыстың алдағы уақытта да жалғасын табатынын жеткізді.

**С.ТЫНЫБЕКОВ,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры,**  
**О.ЛОЖНИКОВА,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары**

**ҚЫЗМЕТ**

## АРХИВ – АЛТЫН ҚАЗЫНА

Архив дегеніміз – тарихи деректі құжаттар сақталатын алтын қазына. Архивте әр кезеңдегі істер, құжаттар номенклатура негізінде ұқышты, нақтылы, дәлелді, мазмұнды жазылған құжаттар орналастырылады.

Сот архивінің сараптама комиссиясының жұмыс жоспарына сәйкес сақталу мерзімі өткен, ғылыми-тарихи құндылығы болмағандықтан және практикалық маңызы жоғалған істерді жою туралы актілер жыл сайын әзірленіп, сақтау мерзімі аяқталған істер ертеледі.

Шалқар аудандық соты әкімшісінің архивінде 2000 жылдан бастап істер сақталуда. «Төрелік» ақпараттық жүйесіне әрбір істің «архив» бөліміне деректер енгізіліп, қабылданады. Архив жұмысының

басты бағыты істерді есепке алу мен сақтау және оларды беру. Судьялар мен сот мамандарының архив істерін қызмет бабында қолдануға толық құқығы бар.

Ел егемендігін алған санаулы жылдар ішінде сот жүйесінде талай оң өзгеріс орын алып, бірқатар заң қабылданып, техникалық база нығайтылды. Бүгінде сот жүйесінде, оның ішінде «Электронды архив» жұмыстарын жетілдіруге де әлемдік талаптарға сай реформалар қолға



алынуда. Сот архивінің жұмысын жүйелі жүргізу сот қызметкеріне үлкен жауапкершілік жүктейді және тиянақтылық пен ұқыптылықты талап етеді. Өйткені архивтегі әр құжаттың артында мыңдаған адамның тағдыры тұр.

**Раушангул АЙТМАҒАНБЕТОВА,**  
**Шалқар аудандық соты әкімшісінің жетекші маманы**  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен бірге әріптесіміз Қарағанды облысы, Приозерск қаласының Құрметті азаматы.

Кеңес Жексенбекұлы жұбайы Алтын Көпбаевамен 1960 жылы 14 қыркүйекте Теміртау қалалық АХАЖ-да №1000 санмен некеге отырған екен. «Әрбір табысты азаматтың артында ақылды әйел тұрады» демекші, Кеңес ағамыздың қоғамдағы биік беделі, қызметтегі талай жетістігі жұбайының қамқорлығы мен сыйластығынан тамыр алады.

1960 жылы Алтын Мамбетқызы басқарған ансамбль «Қазақстан магниткасының ән мен би халық ансамблі» деген атаққа ие болады. 1960 жылы Алматыдағы республикалық фестивалда бірінші орын алып қайтты. Алтын Мамбетқызы Кеңес ағамен қол ұстасып, қызмет бабымен Қазақстанның көптеген облыстық орталықтарында қажырлы еңбек атқарды. Еліне қадірлі де құрметті ана, ақылшы әже болды. «Бөбек», «Ақбота» қорларында мүгедек және жетім балаларға қайырымдылық жасаған көптеген акцияларға қатысып, алғысқа бөленді.

Кеңес Жексенбекұлының жүріп өткен өмірі мен атқарған қызметін саралап айтсақ, жас ұрпаққа үлгі болар мысал жетерлік. Би аға сот саласында жауапты қызметтер атқарды. Ең бастысы, қатардағы атқарушы болып қалған жоқ, керісінше, қандай істе болса да бастамашы бола білген біртуар, елімізге белгілі тұлға айналды.

Адам өмірінде кездесетін қиын-қыстаулар басты қиындық емес, басты қиындық адамның өзі. Кез келген адамның бойынан табылатын пенделікті ысырып тастап, өзін-өзі жеңе алғандардың мақсатына жетуі оңай. Олай болса Кеңес аға Абай айтқан бес дұшпаннан қашық жүріп, бес асыл іске асық болған, барлық қажыр-қайратын сол асқақ арманға жетуге сарқып жұмсаған және арманына жеткен қайраткер.

Кеңес ағамыз сот жүйесіндегі 40 жылдық еңбегі қазақ елінің игілігіне жұмсалып, мемлекеттің нығаяуына арналды. Республикадағы заң саласының білікті, тәжірибелі маманы ретінде негізгі заң – Конституцияның талқылануына, қабылдануына үлкен үлесін қосты. Рас, мемлекет мүддесіне қызмет етіп, мемлекетшіл, патриот атанған азаматтар тұра-сында, олардың өмірлік сара жолы жайында білгісі келетіндер бар ғой.

Кеңес ағамыздың өткен өмірін ойлап қарасаң, өмірлік жолы кілең бір кілт бұрылыстардан, оқыс өзгерістерден тұрады екен.

...Жиырмадан жаңа асқан кезі еді. Бір қараған адамға жағдайы дұрыс, Шоқпар станса-сында ауылдық Кеңестің білдей хатшысы. Әке-шешесі жанында, тұрмыстары да жаман емес. Бірақ іштегі жалын атқан жастық жігер бұны байыз таптырмады. Сөйтіп жүргенде баспасөз бетінде Қазақстан Магниткасын салуға жастарды шақырған хабарландыру шыға келсін. Қалтаға комсомол жолдамасын төрт бүктеп салып алып, сағым қуған сайын дала төсін түлетуге бұл да аттанады. Әкесі Жексенбек пен анасы Қадияша ақ батасын беріп, ақжол тілеп қала берді. Әлпештеп өсірген ата-анасының батасы жұғысты болды ма, Сарыарқаға алып келген сол бір соқпақ кейіннен сәтті жолға айналып, талай биіктерге көтерді. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізетін әдетінің арқасында өз ортасында беделді болды.

1960 жылдың 3 шілдесі Кеңес ағамыз есінде мәңгі қалды. Бұл күні дәл сағат күндізгі үште Борис Ягвидов бастаған бұлардың бригадасы Қазақстан магниткасының тұңғыш шойын балқымасын алды. Оның ішінде жас горновой өзі де бар еді. Еліміздегі айтулы бұл оқиғаға Дінмұхамед Қонаевтың өзі қатысып, құттықтау сөз сөйлеп, бұларға ақ батасын беріп, бастарына металлургия киіз телпегін өз қолымен кигізген болатын. Димекенің кигізген қалпағы сол тоғыз азаматқа бақ құсы болып қонды. Өздері қорытып жүрген құрышпен қоса қайнап шынығып, олардың аттары ел аузына ілінді. Бірі құрметті металлург

# ӘДІЛДІКТІҢ АРАШАШЫСЫ



болып, Еңбек ері атанса, екіншісі Жоғарғы Кеңестің депутаты, үшіншісі қоғам қайраткері болды.

Кеңес ағамыздың бұл өмірден көргені де, түйгені де көп еді. Бір кезде құрыш қайнатып, болат шындығына, бүгінде бар білгенін басқаға үйретіп, жастарды баулуудан бас тартқан емес. Жоғарғы Соттың ұжымы бұл кісіні «Біздің ақсақал» деп ардақтады. Аға тұтып ақыл сұрайтындар да жетерлік.

Кеңес ағамыз азамат ретіндегі басты ерекшелігі: мемлекетшілдігі, ұлтжандылығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі, парасаттылығы мен мәдениеттілігі, туған-туыстарына деген мейірімділігі. Бір ауыз сөзбен айтқанда қазақтың нағыз зиялы азаматы болғаны.

Кеңес аға – ұлын ұяға, қызын

қияға қондырған құтты шаңырақ иесі. Ұлы Арман ата жолын қуды, бұл күнде полиция генерал-майоры. Ішкі істер министрлігінде жауапты қызмет атқарады. Немересі Әмір де атасының жолын жалғап, заңгер. Немерелері Индира мен Сабина да жауапты қызметтерде. Марқұм қызы – Гүлмира педагог-тәрбиеші еді, кемелденген жасында қайтыс болып кетті, артында тұяғы – ұлы Альмир қалды.

Кеңес өмір бойы әділдіктің арасашысы болды. Білікті судьяның қолынан жылына жүздеген, мыңдаған іс өтті. Қатардағы судья емес, қалалық, облыстық соттардың төрағасы, Жоғарғы Соттың тәртіптік алқасының төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды. Қашанда Әсіресе, 2010 жылы шыққан «Ғасырлар белесі» кітабының жалғасы, 2012 жылы жарық көрген екінші кітабында көшпенділер жайындағы тарихи шындық пен қазақ халқының ұлы хандары, атақты билері мен батырлары туралы құнды тарихи деректер жинақталған.

Кеңес ағамыз Абайдың: «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел!»

деген әдебиетке көркемдік, танымдық құндылықтарымен қоса, халық тәрбиесіне қатысты азаматтық жауаптылықты жүктеп отырған асыл сөздерін басшылыққа алды. Көркем әдебиет ұлттық мүддеге қызмет ететін басты құрал және азаматтық парыз, бұл іске заңгерлердің де атсалысуға қақысы бар және һәм міндетті деп түсінді.

Кеңес ағамыздың жүріп өткен жолы тарихи құбылыс. Өйткені, ағамыздың туған өлкесі – Балқаш-Жамбыл өңірінің көздерінде жалын, кеуделерінде дарын бар балалары «Болмаса да ұқсап бақ...» деген Абайдың сөзін ту қылып, өскенде Кеңес ағамыздай сот боламыз деп алдарына мақсат қойды және сол арман-мақсаттары оларды алға сүйреді.

Мен де жас кезімнен Кеңес ағамдай заңгер боламын деп армандадым, сол мақсатпен заң факультетіне түсіп, 20 жылдай күштік құрылымдарда қызмет атқарып, полковник шенін алып, одан кейін сот саласында жиырма жыл абыройлы қызмет атқардым.

Саналы өмірінің ширек ғұмырын қазақ елінің игілігіне, оның құқық қорғау саласына, сот жүйесіне арнаған ұланғайыр еңбегі Кеңес Жалмұханбетовті қалың нөпір ішінен алдыңғы лекке алып шықты. Абай айтқандай «жүрегі – айна, көңілі – ояу» болған Кеңес ағамыз – елдің сот қайраткерлерінің алдыңғы қатарынан ойып орын алған әділет, заң сардарларының бірі болды.

Уақыт шіркін бір орнында тұрмайды ғой, аяулы әке, асыл жар, елімізге белгілі мемлекет, қоғам қайраткері Кеңес аға былтыр 88 жасында дүниеден озды. Тіпті, өлер алдында жақын туған-туыстарын, дос-жарандарын, бұрынғы әріптестерін, жақсы көретін іні-қарындастарының басын қосып, бәрімізге ақ батасын берді. Міне, өлімге қимайтын асыл ағамыздың бұл дүниеден озғанына бір жылдың жүзі болды.

Ұлы Абай «Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» десе, данышпандарымыз «Жақсының аты, ғалымның хаты мәңгі» дейді. Осы даналық сөздерді Кеңес ағамызға қаратып айтсақ, артық болмас. Абыз ағамыз артына өлмес сөз қалдырды, өмірінде өшпес із қалдырды.

Жаныңыз жәннатта болсын, жан аға!

**Жұмағұл ШӨЖЕНОВ,**  
**Қазақстан Журналистер**  
**одағының мүшесі**

## ТҮЙТКІЛ

Әскер – мемлекеттің қорғанысы, алайда ондағы әлімжеттік сарбаздар үшін үлкен сын. Бұл – әскери тәртіп пен адам құқығын бұзатын, психологиялық және физикалық қысым тудыратын құбылыс.

## ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК: үнсіздік қабырғасын қалай бұзамыз?

Қазақстанда 2023 жылы әлімжеттікке қатысты 150-ден астам жағдай тіркелді. 2022 жылы 20 сарбаз өз-өзіне қол жұмсады, олардың көбі әлімжеттіктің құрбаны болған.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскердегі әлімжеттік мәселесіне қатысты бірнеше мәлім-

деме жасады. 2023 жылдың маусым айында Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов жастардың әскерде қызмет етуден қашуын олардың тәрбиесіне байланысты деп атап өтті. Ол әскердегі келеңсіз жағдайлардың алдын алу үшін барлық шаралар қабылданып жатқанын айтты.

2024 жылдың қараша

айында Қазақстан Қарулы Күштері Бас штабының ұйымдастыру-мобилизациялық жұмыс департаменті бастығының орынбасары Руслан Омаров әскерде әлімжеттік жоқ екенін мәлімдеді. Оның айтуынша, қазіргі уақытта әскери бөлімдерде тек бір уақытта шақырылған сарбаздар қызмет атқарып жатқандықтан, әлімжеттік туралы



айтуға негіз жоқ. Сонымен қатар, Қорғаныс министрлігі әскердегі әлімжеттік туралы кейбір мәлімдемелерді жоққа шығарып, мұндай ақпараттардың негізсіз екенін атап өтті.

Дегенмен, әскердегі әлімжеттік мәселесі қоғамда талқылануы келеді. Мысалы, 2022 жылы «Amanat» партиясы бұл мәселені көтерген болатын.

Осылайша, Қорғаныс ми-

нистрлігі әскердегі әлімжеттік мәселесін жоққа шығарып, алдын алу шараларын қабылдап жатқанын мәлімдесе де, бұл тақырып қоғамда өзекті болып қала береді.

### САРБАЗ ӨЛІМІНІҢ СЕБЕПТЕРІ ҚАНДАЙ?

Бақылаудың әлсіздігі – сарбаздар арасындағы қарым-қатынасқа қатаң қадағалау жоқ.

- Әскери мәдениеттің төмендігі – тәжірибелі сарбаздардың жаңадан келгендерге қысым көрсетуі қалыпты жағдай ретінде қабылданады.

- Психологиялық қолдаудың болмауы – кәсіби психологтар жетіспейді.

- Жазасыздық атмосфера – әлімжеттікке қатысушылардың көбісі жазаға тартылмайды,

- Жастардың психологиялық әлсіздігі, қиындыққа шыдамауы.

### ӘЛІМЖЕТТІКТІ ҚАЛАЙ ТОҚТАТУҒА БОЛАДЫ?

- Құқықтық жауапкер-

шілікті күшейту – кінәлілерді қатаң жазалау.

- Бейнебақылау жүйесін енгізу – заңбұзушылықтардың алдын алу.

- Сенім телефондары мен жасырын шағым беру жүйесін құру.

- Тәрбие және мәдениет қалыптастыру – құрмет пен сенімге негізделген тренингтер өткізу.

- Психологиялық қолдауды күшейту – тұрақты психологтар мен тәлімгерлердің жұмысы.

### ҚОҒАМ ҮНСІЗ ҚАЛМАУЫ КЕРЕК

Әлімжеттік – тек әскердің емес, қоғамның да мәселесі. Ата-аналар, журналистер мен белсенділер бұл тақырыпты ашық талқылап, шешімін іздеуі қажет. Еуропа елдерінде сарбаздар жағдайын арнайы инспекторлар бақылайды, Қазақстан да осы тәжірибені қолдануы тиіс.

Әлімжеттік – әскери қызмет пен сарбаздардың болашағына қауіп төндіретін әлеуметтік мәселе. Оны жою үшін мемлекет, қоғам және әскери басшылық бірлесуі өте керек. Сонда ғана әр сарбаз әскердегі қызметін қауіпсіз әрі мақтаншыпен аяқтай алады.

**Шұғыла МУХАТАЕВА,**  
**Қазақ-Америка**  
**университеті**  
**журналистика**  
**факультетінің**  
**4 курс студенті**

### Сіз не дейсіз?

#### Айгүл ЖҰМАНОВА, психолог:

– Әлімжеттік – билікті теріс пайдалану көрінісі. Көптеген сарбаздар құқықтарын білмейді немесе шағымданудан қорқады, бұл олардың психологиялық жарақат алуына себеп болады.

#### Дүйсен ҚАЛДЫБАЕВ, 1990 жылдары әскери борышын өтеген:

– Мен әскерге 90-жылдары бардым. Ол кезде тәртіп қатал болды, бірақ сарбаздардың өзара қарым-қатынасы мүлде басқа еді. Жаңадан келгендерді бірден сынақтан өткізетінбіз, бірақ бұл психологиялық емес, физикалық тұрғыда болатын. Яғни, жүгірту, шынықтыру, тәртіпке үйрету. Қазір қарап отырсаң, кейбір әдістер тым қатал болған екен. Бірақ бұл сынақтар бізді өмірге дайындады. Біз бір-бірімізді қорғайтын едік, қазіргідей ұрып-соғу, қорлау деген сирек кездесетін».

#### Айдар САБЫРОВ, 2023 жылы әскерге барған:

– Әскерде әлімжеттік жоқ деп айтуға болады, себебі біздің казармада және жалпы бөлімшеде камералар бар, бәрі бақыланады. Егер сарбаз өзі тыныш, уставқа сайкес жүрсе, ешқандай қиындық болмайды. Әлімжеттік болмауы үшін жеңіл түрде тәртіп сақталады және егер қандай да бір жағдай туындаса, арнайы орындарға хабарласуға болады. Әскерде психологтар бар, егер қандай да бір мәселелер туындаса, олар көмек беруге дайын. Дәрігерлер де кез келген физикалық немесе психологиялық қиындыққа көмек көрсету үшін жұмыс істейді.

Жаңадан келген сарбаздарға қысым көрсетілмейді. Егер сарбаз үнсіз, тәртіппен жүрсе, ештеңе болмайды. Ал егер ол тәртіпті сақтамаса, әрине, ортаға сіңіп кете алмайды. Соңғы кездері әскерде бәрі жақсы, киім, тамақ, жататын орын бәрі қамтамасыз етілген. Әскердегі өмірдің сапасы жақсарған.

МӘСЕЛЕ

# АҒЗА АУЫСТЫРУ: ЗӘРУЛЕР КӨП, ДОНОРЛАР ЖОҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Тағы бір айта кететін жайт, медициналық қарсы көрсетілімдер болса, мысалы, ЖИТС инфекциясы, гепатит сияқты жұқпалы аурулар болса ағза жарамсыз. Ескеретін нәрсе, донорлық процесс тек екі негізгі диагноз бойынша жүргізіледі. Яғни, ми өлімі, яғни, инсульт немесе бас миының жарақаты жағдайында ғана ағзалар алынады. Басқа жағдайларда, мысалы, реанимациядағы науқастың ағзалары алынбайды. Жалпы кез келген азамат өзінің көзқарасын білдіріп, «келісім» немесе «бас тарту» туралы шешім қабылдауы керек. Бұл кейін туыстардың орнына шешім қабылдауды жеңілдетеді. Егер адам өз өмірінде шешім қабылдамаса, онда ол үшін туыстарының да шешім қабылдауы қиын», – дейді дәрігер.

Донорлық жайлы айтқанда, әлем елдеріндегі тәжірибелер еске түседі. Айталық, АҚШ-тағы жүйе бойынша 18 жастан бастап тұрғындар өз еркімен келісім беретінге ұқсайды. Ал Еуропада жоғарыда айтқандай, «презумпция келісімі» жүйесі бар. Ол уақытта адамдар трансплантаттауға дайын болып келеді. Аталған елдерде тіндер трансплантациясы да өте дамыған. Мысалы, онда тері, сүйек, ішек, тіпті жатыр трансплантациясы бар. Жалпы әлемде трансплантация бойынша Испания көшбасшы болып отыр. Мұнда миллион адамға 40 донордан келеді. Ал елімізге келсек, бұл жүйені әлі де жетілдіру керек. Сондықтан сұраныстың көптігі де осы мәселеден туып отыр.

Сарапшылардың сөзінше, донорлық жүйені дамыту үшін халық арасында үлкен насихат керек. Түрлі ақпараттық жұмыстарды жетілдіріп, жиі қоғамдық науқандар

өткізу маңызды. Бүгінде еліміздің кейбір азаматтары көп жағдайда орган алмастыру үшін шетел медицинасына жүгінеді. Бұған ақша көп кететіні де белгілі, сол үшін үлкен қаржы жинайтыны да рас.

«Жалпы донорлықты дамыту және халықты осы мәселеге тарту мақсатында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар бірігіп жұмыс істеуі керек. Әрбір адам өмірінде бір рет болса да донор болу туралы шешім қабылдауы маңызды. Бұл кейін өз туыстарының алдындағы ауыр жауапкершіліктен бөлек, көптеген адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді. Бірақ кез келген жан донор бола алмайтынын тағы да ескеру қажет. Донор болатын жанның салмағы, қан тобы, өзге де медициналық көрсеткіштері реципиентке сәйкес келуі керек. Қазір тез арада жүрек трансплантациясын қажет ететін немесе Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығының диализ бөлімшесінде бүйрек трансплантациясын қажет ететін балалар тіркеуде тұр. Олардың барлығы ауруханада бірнеше ай немесе жылдар бойы жасанды бүйрек аппаратына байланып өмір сүруде», – деп ашығын айтты Айдар Кенжетайұлы.

Дәрігердің айтуынша, донорлық ағзаларды алу – өте жылдам әрі күрделі процесс. Трансплантация үдерісінде уақыт та аса маңызды. Мысалы, жүрек – 6, бауыр – 8, бүйрек – 12 сағат сақталады. Осы уақыт аралығында күту парағында тұрған әр науқаспен жеке жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ отадан кейін емделуші өмір бойы иммуносупрессивті дәрілер қабылдауы керек.

Шернияз ЖАЛФАСБЕКҰЛЫ  
АСТАНА

АЙНА

## ЖОЛ ТАЗАЛЫҒЫ ҚАУІПСІЗДІККЕ КЕПІЛ



Қыс мезгілінде көше жолдарын таза ұстау, тұрғындардың қауіпсіздігін кепілі. Сол себепті жол тазалығына жауапты мекеме өз жұмысын жауапкершілікпен әрі тиянақты атқаруы тиіс. Желтоқсан мен қаңтар айларында қала аумағын қар мен мұздан тазалау үшін жауапты мекеме қандай жұмыстар атқаруда? Кентау қалалық «Жасыл қала» КММ директоры Мақсұт Гайруллаевпен кездесіп осы тақырыпта сөйлескен едік.

### Жолды күтіп ұстауға 72 жұмысшы бекітілген

Мақсұт Гайруллаевтың айтуына қарағанда, қазіргі таңда қала және қалаға қарасты ауыл жолдары, жол жиектерін қардан тазарту жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қазір бұл бағыттағы жұмыстарды жіті бақылап отырғанын тілге тиек етті.

– Ауа райы суытып, қар түскелі бері біз жолдарды қыс айларында күтіп ұстау шараларын тұрақты жүргізіп жатырмыз. Қар қалың жауған күні алдымен көлік көп жүретін орталық көшелерді, автобус жүретін жолдарды тазалаймыз. Адам жаяу жүретін жолдарды да қардан тазалап, мұздарды оямыз. Қазіргі таңда біздің мекеменің бригадалары қаланың барлық аумақтарына жұмылдырылуда. 2024 жылдың қыс мезгіліне «Жасыл қала» КММ-нің тарапынан дайындық жұмыстары тиісті түрде жүргізілді. Атап айтқанда, қарды тазалауға арналған техникалардың жай-күйіне толықтай тексеру жүргізіліп отырады. Сонымен қатар, олардың ескірген бөлшектері алмастырылып, техникалық байқаудан өткізілді, – дейді «Жасыл қала» басшысы.

Оның сөзіне қарағанда, қысқы мезгілде қала жолдарын қардан тазалауға барлығы 72 жұмысшы жұмылдырылған. Жолдарды қардан

механикаландырылған тазалау және көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу жұмыстары үздіксіз жүргізілуде. 2024–2025 жылдың қыс мезгілінде қаладағы аяқ жолдар мен үлкен көшелердегі көк мұзда жол көліктерінің еркін қозғалуына, төсеу үшін 100 тонна тұз және 30 жүк көліктеріне тиелген құм түсірілген.

### Жұмыстар екі ауысымда атқарылып жатыр

Кентау қаласы қар тазалауға сақадай сай. Одан бөлек, автомобиль жолдарын қысқы күтіп ұстауға дайындық белсенді жүргізілуде. Сонымен қатар, барлық жұмыстар бірнеше негізгі кезеңдерге бөлінген. Ал, қауіпсіздік әрі үздіксіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін арнайы күш пен құралдан кемдік жоқ. Жұмыстар екі ауысымда жүргізіледі. Сонымен қатар, 2024–2025 жылғы қыс мезгілінде қала тазалығы мен төтенше жағдайлар бойынша қызмет атқару мақсатында бірқатар техникалар жұмылдырылған. Арнайы техниканың негізгі бөлігі түнгі ауысымда. Бірақ, мұның барлығы қардың түсуіне байланысты. Көктайғақпен күресу үшін инертті материалдардың қажетті қорлары дайындалғанын да айту керек. Негізгі техниканың ішінде 2 ГАЗ-53 жүк көлігі, 1 жүк тиегіш техникасы, 1 эксковатор техникасы, 2

тиегіш және 2 татра көлігі, 2 ҚДМ құм шашушы техникасы 3 ай қыс мезгілінде жұмыс жасайды.

Атап айтқанда, жаяу жүретін жолдар бөлігін сыпыру, құм-тұз қоспасын себу және аялдама қалталары мен кіреберістерді тазалау жұмыстары да жүргізілуде. Қаланы қардан тазалауға арналған техникамен қатар қысқы маусымдық жұмыстарды атқаруға «Жасыл қала» КММ-де 6 жұмысшыдан құрылған 12 бригада, жалпы 72 жұмысшы бекітілген. Аталған бригадалардың бір тобы қала аумағында қарды тазалауды, бір тобы ағаш кесуді, тағы бір тобы автокөлік жолдарына арнайы құм мен тұз себу жұмыстарын жүргізеді.

– Қалың қар жауған күндері «Жасыл қала» коммуналдық мекемесі тәулік бойы жұмыс істейді. Көбіне техникалық жұмыстар түнгі уақытта жүргізіледі. Себебі, бұл жол қозғалысына кедергі келтірмеуге және апаттардың алдын алуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік маңызы бар нысандарға кіретін балабақшалар, мектептер, ауруханалар және тағы да басқа мекемелердің кіреберіс жолдарын тазалауға ерекше назар аударылады. Көпқабатты үйлер аумағы мен жеке секторды тазалау да жүйелі түрде ұйымдастырылады. Негізгі біздің міндетіміз – көшелер мен тротуарларды тазалау ғана емес, сонымен қатар қалың қар жауған жағдайда жол бойындағы қардың жиналуын болдырмау және уақытылы шығару болып табылады, – деп атап өтті ол.

Тұрғындар 109 бірыңғай байланыс орталығы қызметі немесе әлеуметтік желілер арқылы қардан тазарту бойынша өтініштерін қалдыра алады. «Жасыл қала» КММ-ға келіп түскен әрбір өтініш тіркеліп, оны тез арада орындау жұмыстарына кіріседі.

Раушан НАРБЕК  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



«ЕСІРТКІСІЗ БОЛАШАҚ!»

Шымкентте есірткіге қарсы күрес мақсатында «Есірткісіз болашақ!» акциясы өтті. Іс шараны Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығы мен Полиция департаменті бірлесіп ұйымдастырды. Акцияның негізгі мақсаты – есірткі жарнамаларын жою, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау және есірткіге қарсы қоғамдық қозғалысты қолдау.



## 250-ге жуық есірткі жарнамасы өшірілді

Шара барысында Сәуле шағын ауданындағы 250-ге жуық есірткі жарнамасы өшірілді. Бұл әрекет есірткіге қарсы күрестегі нақты қадам болды. Қатысушылардың арасында «Ақжол» партиясының белсенділері, спортшылар мен «Есірткісіз болашақ» жұмыс тобының мүшелері болды. Жиынға қатысушылар қоғамда белсенді ұстанымның маңызын атап өтті.

– Есірткі жарнамаларының жойылуы жастарды қауіптен сақтаудың маңызды әдісі. Заңсыз жарнамалар жастарды еліктіруі мүмкін, ал мұндай акциялар олардың санасында есірткіге қарсы иммунитет қалыптастыруға көмектеседі. Белгілі спортшылардың қатысуы жастарға салауатты өмір салтын тандаудың маңыздылығын көрсетті, – дейді Жастар ресурстық орталығының басшы орынбасары Аружан Әлжан.

Бұл шара есірткі мәселесіне қоғамның бей-жай қарамайтынын дәлелдеді. Әрбір тұрғынның жауапкершілігі ғана емес, белсенділігі де қажет. «Есірткісіз болашақ» акциясы жастардың санасына оң әсер қалдырып, есірткіден аулақ болуға шақыруда. Қоғамның бірлігі мен ынтымағы арқылы ғана біз болашақты қорғауға үлес қоса аламыз.

– Қарап отырсаңыз нашақорлыққа көбінесе, жасөспірімдер ұрынады. Есірткіге тәуелділер қаражатты ұрлықпен табуды көздейді, ал ұрлық жазасыз болмайды. Бара-бара жасөспірімдер нашақорға, есірткінің құлына айналады. Онымен айналысқаннан кейін бұзақылық жасау, қорлық көрсету, т.б. жасауға итермелейді. Адам денесі қалжырап, көзі бұлдырап, өмірге не үшін келгені, не үшін жүргені беймәлім болады. Есірткіге үйрену өте тез, оны тұтынған сайын көбірек мөлшер керек болады. Есірткі алдымен адамдарды өзіне қызықтырып, адам ағзасын шірітіп, есін жоғалтады. Нашақор есірткісіз өмір сүре алмайтын халге душар болады. Себебі оны бір рет қабылдаған соң оны тағы да қабылдау

қажет болады. Бір шырмалған жанның одан құтылуы оңайға соқпайды. Жастарды есірткінің шырмауына түсіп қалмауы үшін Шымкент қалалық Полиция департаментінің ұйымдастыруымен қалада және Шымкент қаласындағы мектептерде, колледждерде, жоғары оқу орындарында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде, – деді полицей Б.Қарбеков.

Ал, осы есірткінің шырмауына жастар қалай түседі? Шымкент қаласының тұрғыны Азамат – қызық көріп, есірткі пайдаланғанның бірі. Бір рет дәмін көремін деген жігіт, бұл есірткінің шырмауынан бес жылдан аса уақыт арыла алмай жүрген. Қазір ата-анасының қолдауының және тұрақты ем қабылдауының арқасында есірткіге тәуелділіктен арылған.

– Әрине, есірткіні бір рет қана тартып көремін деп ойлады. Оған тәуелді болып қаламын деген ойыма болған жоқ. Есірткіні бір рет пайдаланып көрдім. Ал, одан кейінгі өмір бәрімізге мәлім. Ең алдымен өзіңді жоғалтасың, өмірге деген құштарлық, болашаққа деген сенім, жүздегі әсем күлкі және отбасының саған деген сенімін, үмітін жоғалтасың. Өмірің мүлде басқа арнаға бұрылады. Сол есірткіні қайта шегу үшін сен не істемейсің? Бәріне де барасың. Өміріңде істемеген істі істейсің, ойламаған ойды ойлайсың. Осы есірткінің кесірінен туыстарың, достарың бәрі менен теріс айналды. Ал осының бәрін көре тұра достарың сенімен қалай дос болса? Сен барлығынан айырыласың. Ал мұндайға жол бермеу үшін не істеу керек? Әрине, ең алдымен өзіңе-өзің берік болғаның дұрыс. Сені жолдан тайдыру үшін кейбіреулер сені алдап, есірткіні ұсынады. Ал сен сол кезде не істеуің керек, әлде, не деуің керек? Әрине, «жоқ» деп жауап беруің керек. Есірткіге тәуелді болып барымыздан айырылып қалмайық, – деді ол.

Раушан ПЕРНЕХАНҚЫЗЫ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

## ІШКІ ӨНІМНІҢ КӨЛЕМІ АРТПАҚ

Жетісу облысының экономикалық өсімі былтыр 114,8 пайызды құрады. Ол ауыл шаруашылығында – 3%, өнеркәсіпте – 3,4%, тұрғын үй пайдалануға беруде – 15,2% болса, саудада 1,2 есе, құрылыс жұмыстарында 1,5 есе болды. Ал мемлекеттік бюджет түсімдері 313 млрд теңгеден асты. Оның ішінде жергілікті кіріс 118 млрд теңгені құрады. Оны өңір басшысы Бейбіт Исабаев 2024 жылдың қорытындысына арналған әкімдік отырысында айтты.

– Өткен жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтадық. Қысқа мерзімді индикаторларды орындау жағынан республикада екінші орындамыз. Ең бастысы – халықтың өмір сүру сапасын көтеру. Президенттің қойып отырған талабы да осы. Соңғы екі жылда өңірді газдандыру деңгейін 29-дан 56,5 пайызға жеткіздік. Жыл соңында бұл көрсеткіш 72 пайызға жетуі тиіс. Ауызсумен қамтуға, жол жөндеуге баса назар аударылады. Облыс орталығына ерекше көңіл бөлінеді, қала бюджеті 33 пайызға артады. Талдықорғанда Smart сити стандарты бойынша қаланың өмір-тіршілігін басқару орталығын құру жоспарланып отыр. Біздің мақсатымыз – оны қауіпсіз, жайлы, әдемі әрі жасыл қалаға айналдыру, – деді Б. Исабаев. Облыс әкімінің сөзіне қарағанда, биыл жалпы өңірлік өнім көлемінің өсімі 9-10 пайыз деңгейінде болады деп жоспарлануда.

Е.КЕБЕКБАЙ  
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

### 15. ХАБАРЛАНДЫРУ

«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ жанындағы байқау кеңесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) келесідегідей шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға конкурс жариялайды:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Бәйтерек аудандық ауруханасы» МКК». адресі: БҚО, Калинин ауылы, Куйбышев көшесі, №46.

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Азаматтарды медициналық қамтамасыз етудегі қоғамдық қажеттілікті және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды тиімді қанағаттандыру;

Конкурс 2025 жылғы 11 наурыз сағат 11.00-де БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 201-үй, 117-кабинетте өткізіледі.

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

2. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

### Конкурсқа қатысу туралы өтініштер 2025 жылы 08 наурызға дейін қабылданады.

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты-жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға бағытталуы;

2) «Байқау кеңесі мүшелерінің мемлекеттік кәсіпорынның конкурсы» «2025 жылғы 11 наурызға дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан жіберіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініш 2025 жылдың 7 ақпанынан бастап 2025 жылғы 8 наурыз аралығында инд. 090001, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201-үй, 113-кабинетте (тел. 8(7112) 241815, 504504) қабылданады.

### 16. ХАБАРЛАНДЫРУ

«Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ жанындағы байқау кеңесі жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) келесідегідей шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардағы байқау кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға конкурс жариялайды:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының ШЖҚ «Теректі аудандық ауруханасы» МКК. адресі: БҚО, Федоровка ауылы, Крупская көшесі, №31.

Негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы: Азаматтарды медициналық қамтамасыз етудегі қоғамдық қажеттілікті және денсаулық сақтау саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыруды тиімді қанағаттандыру;

Конкурс 2025 жылғы 11 наурыз сағат 11.00-де БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы 201-үй, 117-кабинетте өткізіледі.

1. Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

2. Мынадай:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаның банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

### Конкурсқа қатысу туралы өтініштер 2025 жылғы 8 наурызға дейін қабылданады.

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдерінде түйіндеме;

3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Үміткер конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке үміткердің аты-жөні және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Одан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конверттер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға бағытталуы;

2) «Байқау кеңесі мүшелерінің мемлекеттік кәсіпорынның конкурсы» «2025 жылғы 11 наурызға дейін ашуға болмайды» деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурстық өтінім мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан жіберіледі.

Конкурсқа қатысу туралы өтініш 2025 жылдың 7 ақпанынан бастап 2025 жылғы 8 наурыз аралығында инд. 090001, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 201-үй, 113-кабинетте (тел. 8(7112) 241815, 504504) қабылданады.

## ӨРТУРА

7. «MicroFIN» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы» заңның 27-бабының 4-тармағына сәйкес барлық кредиторларды Серіктестіктің Жарғылық капиталын азаюы туралы хабарлар етеді. 2025 жылдың 23 қаңтарынан бастап Серіктестіктің Жарғылық капиталы 2 100 000 (екі миллион жүз мың) теңгеге құрайды. Шағымдарыңыз болған жағдайда Серіктестіктің орналасқан мекенжайы бойынша хабарласуға болады: 050070, Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Рехат жықшам ауданы, Күлтөбе көшесі, 4-үй.

8. «Nurorda» мектеп-лицейі мекемесі (БСН 070740012675) жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен (4 140 000 теңге) аспауы керек. Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. Сенім телефондары: 87172-695-037, 87172-695-058.

12. «Биомедпрепарат» ғылыми-талдау орталығы» ЖШС өзінің қатысушыларына кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетінін хабарлайды. Жиналыс 2025 жылғы 11 наурызда сағат 15:00-де мына мекенжай бойынша өтеді: Ақмола облысы, Степногорск қаласы, 9 шағын ауданы, 3-ғимарат. Анықтама үшін телефон: (8-71645) 7-32-06 (Степногорск қаласы).

18. «Триумф-1 Ломбард» ЖШС (БСН 200940020147) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту бойынша агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыру (ломбард қызметі) лицензиясының қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініш бергенін хабарлайды. Лицензия нөмірі 10.21.0018.Л 2021 жылғы 15 наурыз.

## ТАРАТУ

2. «TURSHAN COMPANY» ЖШС (БСН 140840008498) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050002, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 39-үй, 216-кеңсе, тел. 87081031546.

3. «Алтын Сапа АЛМ» ЖШС (БСН 221240023816) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 19-үй, тел. 87013489526.

4. «RK01» ЖШС (БСН 241140001429) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады.

былданады: Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Е.Сыпатаев көшесі, 49-үй, тел. 87471777109.

5. «Бақытты Бағлан» бөбекжай балабақшасы ЖШС (БСН 170240022942) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, Самал-1, С.Рахимов көшесі, 55-үй, тел. 87052999628.

6. «Айткул - ана 2020» бөбекжай балабақшасы ЖШС (БСН 200140009672) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш қаласы, Самал-1, С.Рахимов көшесі, 55-үй, тел. 87052999628.

9. «Электрожөндеу» ЖШС (БСН 180240003412) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Шаңырақ шағын ауданы, Достық көшесі, 5-ғимарат, пошта индексі 130200.

10. «Окжетпес III» ЖШС (БСН 230740023135) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050026, Алмалы ауданы, Мұқанов көшесі, 113-үй, тел. 87013489526.

11. «ASSER-СТРОЙ» ЖШС (БСН 110140000055) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылы, Құрманғазы көшесі, 20-үй, 9-пәтер.

13. «Akhetmet-Askar» ЖШС (БСН 240740002298) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, 5-ықшам ауданы, 10-үй, 91-пәтер.

17. «Альфа Грант» ЖШС (БСН 110240019753) (Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесқайнар ауылдық округі, Бесқайнар ауылы, ГСУ, 24-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Луганский көшесі, 21А үйі, 8-кеңсе, тел. 87072322780.

19. «Барыс-Нұр» ЖШС (БСН 030440011292) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 160050, ОҚО, Мақтаарал ауданы, Жетісай қаласы, Абай көшесі, 103-үй.

20. «Agro Damu 2050» АШӨК (БСН 230440000734) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды облысы, Бұқар Жырау ауданы, Ботақара кенті, Доскей көшесі, 32-үй, тел. 87759828910.

21. «Международный институт современной психологии и консультирования» ЖШС (БСН 221140008918) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Ақтау қаласы, 14-шағын ауданы, 97/2, тел. 87054502341.

22. «JaniaStroySnab» ЖШС (БСН 210740012656) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Өтеген ауылы, Шевченко, 18, тел. 87019187890.

23. «Охранное агенство «БОШ и ТЭК» ЖШС (БСН 050340003192) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Махамбет көшесі, 5Д құрылым, тел. 87057018400.

24. «Пункт централизованного хранения Arsenal KAZ» ЖШС (БСН 190940012032) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Махамбет көшесі, 5Д құрылым, тел. 87057018400.

## ЖОҒАЛТУ

14. «Страховая Компания «Сентра Иншуранс» АҚ №064849 бланк жоғалғанын хабарлайды. Бланк жарамсыз деп есептелсін.

### ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:  
zanreklama@mail.ru

### ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолың көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 Фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС. Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

Сол күні әжемнің жанына жаттым. Әжемнің таңертең ерте тұратынын білсем де, ертегісін тыңдағым келді. Ұйқы көзге ілінгенше әжем ұзын-сонар ертегі айтты. Қатты ұйықтап кетіппін. Әжем түн ортасы ауа сыртқа шыққанда, бір уыс шашым шашбауына ілініп қалып, өзімен бірге мені де тартып оятты. Мен де апыл-ғұпыл әжеме сүйеніп, онымен бірге ілесем тұрдым. Әжем:

– Жаным-ау, неге тұрдың, ұйықтай ғой, – деп өбектеп жатыр. Мен де ұйқылы-ою әжеммен ілесіп

мезгілсіз уақытта мәшине сырғып өтті. Көлік бұл ауылдыкі емес, түнде адасып жүрген болар. Ауылдың жанынан үлкен жол өтеді неге сол жолмен жүрмегеніне таңдандым. Біздің онда шаруамыз не?

Таңертең ауылдан шу шықты. Біздің үйден бірер үй ілгері қоныс тепкен көрші әжейдің бұзаулы сиыры ұрланыпты. Ауыл малы қора айналасында желдің өтіне тұмсығын төсеп, қалаған жерінде жатады. Бұл масадан қорғанған түрі. Әсіма әжейді ауыл іші қатты құрметтейді.

– Әже, мен қайдан білейін, қараңғы түнде адасып жүрген біреу шығар?

– Жоқ, қалқам, адасып жүрген біреу емес, түнде үйдің іргесінде жатқан Әсіма әжеңнің бұзаулы сиырын тиіп алып кетіпті.

– Қалай? Ой, айналайын, бүгінде адамнан асқан хайуан болмай тұр ғой, не болса да бұл іс солардың ісі. Жаңа ерте кеткенде, селсоветке барып, осыны айтып келдім. Шіркіндер, із тастамай кетіпті, әккі ұрылар сияқты. Қайда кетер дерсің, әйтеуір

– Кеше түнде далаға шықтым, қасымда мына қызым болды. Түн ортасында мезгілсіз уақытта бір мәшине үйдің алдынан саудырап өтті. Жүрісі суыт сияқты көрінді. Мен дереу мәшиненің нөмірін құмға бастырдым. Міне, қызым соны қағазға түсіріп әкеліп отыр, ендігісін өздеріңіз шешесіздер.

Ағай ұсынған қағазды аударып көрді де, «Мынау біздің облыстың нөмірі емес қой, дереу орталыққа телефон шалайын», – деп телефон құлағын бұрады.

– Алло, аудандық полиция бөлімінің бастығы ма?

– Иә, сұрап тұрған кім?

– Мен Жаңақұрылыс ауылдық кеңесінің төрағасы Мелшекеновпін. Кеше түнде біздің ауылдан еңбек ардагерінің бұзаулы сиыры ұрланды, әзірге күдігіміз, түн ортасында ауыл ішінен өткен белгісіз нөмірлі мәшинеге түсіп отыр. Көлік сағатына 80 шақырым алғанның өзінде аудан шекарасынан шығып кете қоймаған болуы керек. Ұрыны ұстауға көмек сұраймыз, – деді қорадағы өз малы ұрланғандай. Орнынан тұрған күйі бір қара қорапшаны қолына алып: – Алло, алло, мен Мелшекеновпын, ауылдан мал ұрланды, бейсауыт көлікті көрсендер, дереу рация арқылы хабар беріңіздер, көздеріңіз жетсе, сабырмен жолын бөгеуге әрекет етулеріңізді сұраймын, – деді бәріне естіртіп.

Рация дегенді сонда көрдім, ол шалғайда жатқан малшыларға ғана беріледі екен. Жиналыс бір сағатқа созылды. Менің аңғандар арасындағы болатын жиналысқа алғашқы қатысуым. Ауылнай бірер күнде тағы жинайтынын айтты. Шүкірі аз, күбірін көп жұртпыз ғой, кеңседен шыға бергенде жел сөз көбейіп кетті.

– Ағай, апайлар қайтадан кеңсеге кіріңіздер, ағай шақырып жатыр, – деді хатшы қыз аптыға сөйлеп. Қайта оралды. Ауылнай әлгінде ғана рациядан хабар жеткенін, белгісіз көліктің Сырдарияның «Қарлан» қалқымалы өткізу көпірінен өткенін хабарлады. Көлік Өзбекстан еліне тиесілі екені анықталды. Алда Қарақалпақстанның шекарасы. Машина бағыт алған Кәукей ауылы етек-жеңі кең, мың қаралы табынға мольна жететіндей мол атырап. Аудан орталығынан 300 шақырымдай. Жұмсақ құмдауытты жолмен маңдытып жүре алмайсың. Жеңіл көлік болмаса, ауыр техникалар ит ырғынмен көбік құсап қалқып қалады. Белгісіз көлік Қызылқұмның қыр бөктерінен құлдилаған тұста, «Ақсақал тәуіп» деген жерде жолы бөгелген. Енді 25 шақырымнан кейін

Қарақалпақстан шекаралық бақылау-өткізу бекеті. Әккі ұрылардың жолын бөгенген учаскелік инспектор мен шекара қызметінің қызметкерлері.

Көліктегі екі адамның құжаттары тексерілген, бәрі дұрыс. Ресейдің Волгоград, Сарытауқым қалаларына жеміс-жидек апарып, елдеріне бос қайтып келе жатқан беті екен. Мәшиненің қорапшасы ашылғанда олар не істерін білмей, аңтарылып қалған. Ұрланған мал, мәшиненің жүк тиелген қорабынан табылған. Олар қолға түсіп, тергеу амалдарын жүргізу үшін аудан орталығына жеткізілді. Арада екі ай өткенде тағы да ауылнайға шақырылды. Жиналысты бастық көке көңілді бастады. Ол көп оқыған кісі, мүлгейтіні жоқ, өзі Ресей жақта оқыпты.


– Жолдастар, ұрланған мал иесіне қайтарылды. Ұшыға апамыз бен оның немересі Қырағалық таңытты. Қырағалық демекші, осыған ұқсас бір әңгіме айтайын, – деді ауылнай. – Ертеде Мәскеу жақта көшеде қатты кетіп бара жатқан бір көлік жаяу жүргіншіні жаншып, сүйретіп кетіпті. Жолаушы сол жерде қаза тапқан. Оқиға орнына жедел жеткен полиция қызметкерлері жиналған жұрттан көрген-білгендері туралы сұрау жүргізген. Оқиға орнынан ізін жасырған көліктің нөмірі ешкімнің есінде қалмаған. Сол кезде Мәскеуде анасымен қыдырып жүрген қазақстандық жас бала «көліктің соңғы нөмірінде кранның ілмегідей цифрлар көп болды, мен соны ғана байқадым» делті. Бала өтірік айтпайды, оның айтқаны полиция қызметкерлеріне қиындық тудырмапты. Криминалистер мен психологтардың қатысуымен із кескен полицияның жедел өкілі көлік иесін тез құрықтапты. Сөйтсе, оқиға орнынан жасырынған көліктің нөмірінде 2 саны көп болған екен. Алғыр баланың кранның ілмегі дегенін криминалистер екі санына ұқсатқан. Бүгінгі мысалымыз да осыған ұқсас болып отыр.

Үлкен кісі түн баласында қажетін өтеуге тысқа шығады. Сөйтіп отырып, ауылдың ішінен мезгілсіз өткен көліктің нөмірін құмға сызып алады. Міне, сергектік!

Ауылнай барлық жиналғандарға алғыс айтты. Бізге ауыл белсенділері алдында қырағалық таңытқанымыз үшін алғыс айтылды. Әжеме пілі бар 3 эшмөнке шай, кілем берді, мамама мектеп жиналысында Құрмет грамотасы оған пионер лагеріне жолдама берілген. Мамама айтқан осы әңгіме әлі есімде.

**Азат ҮСЕН**

## ҚҰМҒА ТАҢБАЛАНАҒА!



тысқа шықтым. Мұндай керемет таң самалын бұрын көрмеппін. Әлгінде ғана көктемнің ақ жаңбыры себелеп өткен сияқты. Бесінде әжем ала сиырды саууға шыққанда жүндей түтілген сұрша бұлт айды арқалап тұрған-ды. Далада айлы аспаннан сүт сәуле құлап тұр екен. Маржандай тізілген қиял тізбегі, мөлдір дала. Айнала қара адыр, қамыққан ауыл. Біздің ауыл құмдауыт шеге топырақты жерде орналасқан. Қазақы үйлер, зәулім фимараттар жоқ, бәрі алақандағдай көрінеді. Көшкен бұлт ылдида құлап жатқан теңізді де тұмшалап алған. Ауданнан жүз шақырымдай шалғайда орналасқан ауылда бейсауыт адам жүрмейді, халқы бір-бірін жақсы таниды. Құмды айнала дәрет сындырып алдық. Үйдің алдындағы құмдауыт жолдан

Асыраушы жалғыз қызы тұрмысқа шығып, сауып ішіп отырған жалғыз сиырынан аяқасты айырылып қалды. Менің де әжем жалғыз, бірақ ол кеңестің жұмысына ерте араласқан, ауылнай болған көзі ашық кісі-тін. Таңертеңгілік шайды қанып ішіп алған әжем, дастарқан-ды шетінен қайырды да, «қазір келем, үйде отыр» деп асығыс сыртқа шығып кетті. Әжем сол кеткеннен түс әлетінде бір-ақ оралды. Үйге кейістік танытып кірді де, «көргенсіз найсаптар, жалғыз басты кейуананы шырылдатып қай пұшпаққа барар дерсің, жазасын тартар!» деді сүйрепелі кебісін шешіп жатып.

– Гүлшетай, бүгін түнде екеуіміз далаға шықтық, сонда мезгілсіз жүріп өткен мәшинені көрдік, содан не ой түйдің?

## НӨМІР

күн көзіне бір шығар! Орекең орнында екен. «Түс қайта ауыл белсенділерін шақырамын, апа! Соған қатысқаныңыз абзал болар еді», – деді. Орекең – осы ауылдың бастығы. Жарығым, Гүлшетай, түндегі суыт жүрген мәшинені сен де көрдің ғой, менімен жиналысқа сенің де барғаның дұрыс.

– Әже, мен әлі кішкентаймын ғой, менің сөзіме кім сенеді?

– Мәселе, жаста емес, алғырлықта, қалқам, бол енді, кешігеміз.

– Бізге сенбесе ше?

– Менің сендіретін дәлелім бар, ол сен. Кеше түзге шыққанда әлгі мәшиненің нөмірін дымқыл құмға сызып жазып кеткенмін. Қазір қолыңа қағаз, қалам ал да, соны жазып кел, өшіп қалмаған болар.

– Ой, әже, ертең бүкіл ауыл күлмей ме, әжетін өтеп отырып та, үкіметке пайдасын келтіреді деп.

– Айтса айта берсін, көрген мен ғой, ал сен куәгерсің.

Селсовет ағай жиналысқа кешігіп келді. Жиналғандарды дереу кабинетіне шақырып, ауылдан кеше мал ұрланғанын, ұрының сырттан келгенін айтты. Ағай ашулы кейіп танытып:

– Кейбіреулер менің онда шаруам қанша деуі мүмкін. Елде ұрлық тараса, әділетсіздік орнайды. Енді олай болмайды, Мемлекет басшысы бізден әділеттікті орнатуды талап етіп отыр. Сондықтан қылмыстың көбеюіне жол бермей, білгендеріңізді айтыңыздар! – деді.

«Пұшық мұрынның есесі ернінен шығады» демеуші ме еді, ешкім үндей қоймады.

– Ағайындар, көргендеріңіз бар ма, кімде қандай пікір бар, – деді бастық ағай, бір жөткерініп алып. Үнсідікті әжем бұзып, алдымен сөз алды.

## БІЛГЕН ЖӨН

### ҚҰҚЫҚ САЛАСЫ БОЙЫНША БЕКІТІЛГЕН ТЕРМИНДЕР

Қазақ тіліндегі сөздердің терминдену үдерісі Алаш қозғалысы тұсында басталғаны белгілі. Алғаш Ахмет Байтұрсынұлының оқу құралдарынан бастау алатын терминдер Әлихан Бөкейхан, Халел Досмұхамедұлы, Міржақып Дулатұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Елдос Омарұлы, Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кемеңгерұлы, Әлімхан Ермеков сияқты зиялылардың оқулықтарында, ғылыми еңбектерінде байқалды. Ал терминдерді бекіту Қазақстанда 1971 жылдан басталып, тәуелсіздік кезеңінде жаңа қарқынға ие болды.

Төменде құқық саласының терминдері ұсынылып отыр. Газетіміз орайына қарай өткен саннан бастап, салалық терминдерді беріп тұрады. Бекітілген терминдермен танысу құқық саласы мамандарының мемлекеттік тілде жұмыс істеуіне өзіндік жәрдемін тигізеді және қазақ тілінің саладағы қолданысын кеңейтуге үлес қосады деген ойдамыз.

**(Жалғасы. Басы өткен санды)**

Орыс тілінде	Қазақ тілінде	
40 арбитражное решение	төрелік шешім	2016
41 арбитражное соглашение	төрелік келісім	2016
42 арбитражное соглашение или арбитражная оговорка в контракте	төрелік келісім немесе келісімшарттағы төрелік ескертпе	2022
43 арбитражный суд	төрелік сот	2003
44 аутентическое толкование права	құқыққа теңтүпнұсқалық түсінік беру	2016
45 афера	алаяқтық	1971-1981
46 аффилированное лицо	үлестес тұлға	2018
47 без вести (пропавшие)	хабар-ошарсыз (жоғалғандар)	2008
48 бездействие	әрекетсіздік	2016
49 беззаконие	заңсыздық	2005

50 безнадзорность	қадағалаусыз қалу	2016
51 безнадзорный ребенок	қадағалаусыз қалған бала	2016
52 безнаказанность	жазаланбау	2008
53 бездеятельность	бейқарекет	2003
54 беседа вербовочная	құпия іске тарту сұхбаты	2022
55 беспорядок	тәртіпсіздік	2016
56 бесстыдство	ұятсыздық	2016
57 бесхозное имущество	иесіз мүлік	2016
58 бесхозяйные вещи	иесіз заттар	2016
59 бесхозяйственность	иесіздік	2016
60 бонитарная собственность	бонитарлық меншік	2016
61 борьба с безработицей	жұмыссыздықпен күрес	2016
62 борьба с преступностью	қылмыспен күрес	2016
63 брак	неке	2016
64 бунт	булік	2016

65 бытовое насилие	тұрмыстық зорлық-зомбылық	2016
66 варварское право	тағылық құқық	2016
67 верховенство закона	заңның ұлықтылығы	2000
68 верховенство права	құқық үстемдігі	2018
69 вещественное право на землю	жерге заттық құқық	2016
70 взыскание	жаза	2005
71 взыскание административное	әкімшілік жаза	2016
72 взыскание дисциплинарное	тәртіптік жаза	2005
73 взыскание имущественное	мүліктік өндіріп алу	2016
74 взятка	пара	2016
75 взяткодатель	пара беруші	2016
76 взяткополучатель	пара алушы	2016
77 взяточник	парақор	2016
78 взятничество	парақорлық	2016
79 вид на жительство	ықтиярхат	2016
80 виды имущества	мүлік түрлері	2002
81 внесудебная процедура	соттан тыс рәсім	2003
82 закондательство	заңнама	2000
83 законное обоснование	заңды негіздеме	2016
84 законность	заңдылық	2016
85 законность судебного решения	сот шешімінің заңдылығы	2016
86 законный интерес	заңды мүдде	2016
87 законный представитель	заңды өкіл	2016
88 законопроект	заң жобасы	1971-1981
89 законотворчество	заң шығармашылығы	2016
90 залоговое имущество	кепіл мүлік	2020

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**  
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы  
87757335665  
**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz  
**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**  
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6400 дана**  
**Апталық таралым 12 800 дана**  
Тапсырыс №19 Индекс 65921  
**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

### Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31